

Ғылыми
журнал



Научный
журнал

**С.Бәйішев атындағы
Ақтөбе университетінің
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК
Актюбинского университета
имени С.Баишева**

2017

№ 3(57)

**С.БӘЙШЕВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ**

**ВЕСТНИК
АКТЮБИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. С.БАЙШЕВА
научный журнал**

Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркелген, куәлік № 4645-Ж
Зарегистрирован в Министерстве информации Республики Казахстан, свидетельство № 4645-Ж от 29.01.2004 г.

Үш айда бір рет шығады Выходит один раз в три месяца

**№ 3 (57)
октябрь
2017**

2000 жылдан бастап шығады

Издается с 2000 года

**БАС РЕДАКТОР
ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР**

Ахан Б.А.

**БАС РЕДАКТОРДЫҢ
ОРЫНБАСАРЫ
ЗАМ. ГЛАВНОГО
РЕДАКТОРА**

Абдикаликов К.А.

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДКОЛЛЕГИЯ**

Агзамова А.Б. (Қазақстан)

Абрахам Алтонаян
(Великобритания)

Асаров А.А. (Қазақстан)

Бияшев Б.Г. (Қазақстан)

Жанпейсова Н.М. (Қазақстан)

Камаруль Хавари (Малайзия)

Корченко А.Г. (Украина)

Ли Дзень Хун (КНР)

Лыгина О.И. (Қазақстан)

Мухитдин Бин Исмаил (Малайзия)

Султангареева Р.А. (Башқортостан)

Тяпухин А.П. (Россия)

Терегулов Ф.Ш. (Башқортостан)

Хасанов А.Х. (Узбекистан)

Адрес редакции:

г.Ақтобе

ул.бр.Жубановых д.302 «А»

для писем: 030000 г. Ақтобе,
а/я 64

e-mail: edu_ausb@mail.ru

тел.:8(7132) 974081,82

Жарияланған мақала

авторларының пікірі редакция көзқарасын
білдірмейді.

Мақала мазмұнына авторлар
жауап береді.

Опубликованные материалы
авторов не отражают точку
зрения редакции.

Авторы несут ответственность
за выбор и представление
фактов.

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

CONTENTS

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ - ПЕДОГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

Демеуов А.Ш.

Алаш қозғалысының пайда болу себептері мен мақсаты

5

Демеуов А.Ш.

«Алаш» партиясы мен Алашорда автономиясына 100 жыл

8

Измалеуова С.Ш.

Білім беру саласының мамандарын даярлауда сөйлеу шеберлігінің ролі

Миғалиева А.Ж., Байғұтдиева Г.Ж.

Отбасы - өмір аясы

12

ТЕХНИКА ҒЫЛЫМДАРЫ - ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

Букенова А.Т., Есимова О.А.

Мыс кені флотациясының режимін жасау

16

Қуракбай М.Б.

**Анализ режимов электропотребления в
городских распределительных сетях**

22

25

ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ - ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

Абакаева З.Х.

Роль и значение анализа финансовой устойчивости предприятия в условиях
финансового кризиса

30

Әбденғалиева Ә.А., Уразғалиева М.А.

Особенности развития страхования в Казахстане

35

Байғазы А.Т., Қусаинов Х.Х.

Қазақстандағы және Ақтөбе облысы бойынша шағын және орта
кәсіпкерліктің қазіргі даму жағдайы

44

Виноградов С.А., Асаров А.А.

Теоретические аспекты и исторические перспективы гуманизации
общественных отношений

50

Губанов Н.Н., Губанов Н.И., Асаров А.А.

Сущность риска и характеристики рискованной ситуации

64

Кенбеилова Г.А., Конакбаева А.У.

Шығындардың басқару жүйесіндегі ролі

74

Редакционная коллегия оставляет за собой право корректировки по ГОСТ 7.5.-98 «Журналы, сборники, информационные издания. Издательское оформление публикуемых материалов», ГОСТ 7.1-2003 СИБИД «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления».	Даулетова Р.С., Конакова Г.М. Қазақстанда электрондық ақшаның дамуы	80
	Есенгазина А.Ж., Бухарбаев Ш.М., Конакбаева А.У. Қазақстандағы құнды қағаздар нарығының даму бағыттары	85
	Жайықова Қ.А., Бухарбаев Ш.М. Қазақстан Республикасында салық жүйесінің қалыптасуы және реформалану кезеңдері	92
Сдано в набор 30.10.2017 Подписано в печать 30.10.2017 Формат 21х29,7. Печ.л.8,4 Тираж 100 экз. Отпечатанов РИЦ АУ им.С.Баишева	Zhumagazieva R. Sh., Tleugabylov Zh. K. Some aspects of the use of the death penalty in the Republic of Kazakhstan and in foreign countries	98
	Kairatova F.K. Helminths ruminants is west Kazakhstan	103
	Қалишақ А.К., Бухарбаев Ш.М. Қазақстан Республикасы бюджет жүйесінің дамуының экономикалық басымдықтары	107
	Келбетова А.Б., Курманкулова Р.Ж., Джамалова Г.А. Коммерциялық банктердің пассивтік операцияларын қалыптастыру және басқару мәселелері	111
	Kurmanova S. B., Kurmanov A. Political course of Kazakhstan	115
	Марченко В.Н., Урынбаева Г.Н. Практическое значение нетрадиционных кормов для птицеводства	123
	Suleimenova E. B. Suleimenova R.S. Love phenomenon in the history of philosophy	128
	Telibekova I.M. Employment as one of the implementation measures of subjective civil law	133
	法律科学硕士 《关于家庭类型的儿童村庄和青少年的房屋》 哈萨克斯坦共和国现行法律应用的几个方面	138
	Түлеуова А.Ж., Бухарбаев Ш.М., Ержанова З.К. Агроөнеркәсіптік кешенді қаржылық-құқықтық және инновациялық қолдаудың экономикалық басымдықтары	144

УДК 94 (574)

Демеуов А.Ш¹.п.ғ.к.,доцент

¹С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ МЕН МАҚСАТЫ

Түйін

Мақалада Алаш қозғалысының пайда болуына және қазақ халқының жарқын болашағы үшін оларды алдына қойған асыл мақсаттарға ықпал ететін себептер анықталды.

Кілт сөздер: *Алаш қозғалысы, Алашордалық қайраткерлер.*

Алаш қозғалысы туралы айтар бұрын XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстандағы саяси-әлеуметтік, қоғамдық-тарихи жағдайды сипаттап өткен дұрыс. Ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында мүлдем жаңа жағдай қалыптасты.

Ресейлік әскери-монархиялық басқару жүйесі, қазақ жерінің орыс мемлекетінің меншігі етіп жариялануы, осыған орай ішкі Ресейден қоныс аударушылар легінің күрт өсуі, қазақтың шұрайлы жерлерін орыс шаруалары мен казактарына тегін тартып әперіп, оған қоса халық бұқарасына сан түрлі алым-салықтар салып, тонау ісін аяусыз жүргізуі қазақ шаруаларын мүшкіл жағдайға жеткізді. Академик М.Қ.Қозыбаевтың көрсетуі бойынша: «егер 1893-1905 ж.ж. аралығындағы 12 жылда қазақ жұртынан 4 млн десятин жер тартылып алынған болса, 1906-1912 жылдар аралығындағы 7 жылда тартылып алынған жердің көлемі 17 млн десятинадан артқан. Ал 1917 жылға таман қазақтардан барлығы 45 млн десятинаға жуық жер тартылып алынған. Осындай озбырлықтың нәтижесінде 1905-1910 жылдары тек Петропавл уезіндегі 41 ауыл өз жерлерінен айырылып, өздерінің күнкөрісіне қажетті жайылым мен шалғын жерлерді орыс казактары мен көшіп келушілерінен жалға алуға мәжбүр болған». Ресей билігінің қазақ жерінде жүргізген бұл отарлық саясаты қазақ халқын рухани әлеуметтік дағдарыс пен күйзеліске душар етті. Әрине сол кездегі қазақ қоғамы дамуының қазақ халқының ұлт ретінде жоғалуы, немесе өзін-өзі сақтауы үшін күреске шығу мәселесі күн тәртібіне өзінен – өзі шықты. Бірақ бұл уақыт жеке бұрынғыдай батырлардың қару асынып қол бастап, көтеріліске шығу арқылы мақсатқа қол жеткізетін заманы емес еді.

Сондықтан қалыптасқан жаңа саяси ахуалға лайық жаңа күрес құралдары, әдіс-айла қажет болды, ең негізгісі халыққа оның алдында тұрған негізгі мақсат-мүдделерін түсіндіріп жеткізетін, сөйтіп оны заман талабына сай

күрес құралдарымен қаруландырып, азаттық үшін қоғамдық қозғалысты бастап кете алатын мүлдем жаңа саяси-әлеуметтік күшке сұраныс туындады. Ал ондай саяси күштің қалыптасып келе жатқанын 1905-07 жылдардағы оқиғалар көрсетіп берді. Ол күш - сан жағынан аз болғанымен, бірақ саяси күрес қазанында қайнап, тез ысыла бастаған ұлттық интеллигенция болатын.

Осы бірінші орыс революциясы жылдары ұлттық зиялылар кейін Алаш қозғалысы атанған қоғамдық қозғалыстың да негізін қалады. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде дүниеге келген Қарақаралы петициясы (хұзырхаты) осы қозғалыстың бағдарламалық құжаты болды. Осы мезгілден өрлеу ала бастаған жаңа ұлт-азаттық қозғалысқа Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов сияқты ұлттық зиялылар жетекшілік етіп, оған әу бастан нысаналы сипат беру үшін газет шығару, азаттыққа үндеген кітаптар бастырып тарату, Мемлекеттік Дума жанындағы мұсылман фракциясы жұмысына, жалпыресейлік мұсылман, түркішілдік қозғалыстарға атсалысу сияқты қазақ қоғамына бейтаныс күрес әдістерін игере бастады. Міне осы нысанды бағытқа, яғни ұлт-азаттық күрес идеологиясының қалыптасуына 1911 жылдан шыға бастаған Айқап журналы, 1913 жылдан жарық көріп, жалпыхалықтық басылымға айналған “Қазақ”, оның артын ала өмірге келген “Бірлік туы”, “Сарыарқа”, “Ақжол” газеттері зор қызмет етті. Алаш қозғалысының басты мақсаты — қазақ елінің өзін-өзі басқару, яғни ұлттық мүддесін қорғай алатын мемлекеттік жүйе құру құқын метрополияға мойындату, түбінде дербес мемлекет құру, қазақ жерлеріне ішкі Ресейден қоныс аударуға шек қою, әлемдік озық тәжірибені пайдалана отырып, дәстүрлі мал шаруашылығын өркендету, сонымен қатар егіншіліктің, өнеркәсіптің дамуын қамтамасыз ету, нарықтық қатынастарға жол ашу, жеке адам құқын және басқа демократиялық принциптерді қадір тұту, ұлттық мәдениетті өркендету, оқу жүйесінің, тілдің дамуына қажет шарттар түзу болды. Бірінші орыс революциясы жылдарынан бастау алған Алаш ұлт-азаттық қозғалысы 1917 ж. ақпан және желтоқсан айлары аралығында өзінің шарықтау шегіне жетті. Осы жылдың жазы мен көктемінде Қазақ кадеттерінің пайда болуы, күзіне қарай Алаш партиясының, ал соңына қарай Түркістан автономиясы (Қоқан автономиясы) және Алашорда үкіметтерінің құрылуы бұл қозғалыстың нақты нәтижелері болатын. 1917 ж. пайда болған бұл саяси құрылымдар большевиктер тарапынан күшпен таратылғанымен, ұлт-азаттық қозғалыс күштері саяси күрес сахнасынан бірден кете қойған жоқ. Мемлекеттік тәуелсіздік, жер және кезінде алаш зиялылары күн тәртібіне қойған қоғамдық-саяси басқа да мәселелерді басты талабы етіп, ұлт-азаттық қозғалыс жаңа сипатта Т.Рысқұлов, С.Асфендияров, С.Қожанов, С.Садуақасов, Ж.Мыңбаев қызметінде одан әрі өрши түсті.

Елде тоталитарлық жүйе біржолата орнағаннан кейінгі уақытта енді ол жаңа саяси жағдайға байланысты шетелдік эмиграция күшімен жүргізілді. Мұстафа Шоқайдың қызметі, оның басшылығымен Берлинде 10 жыл бойы (1929-39) шығып тұрған “Яш Түркістан” журналындағы материалдар соның айғағы еді. Негізгі мақсаты — ұлттық бостандық болған Алаш қозғалысы

көрші түркі, мұсылман халықтарымен күш біріктіруге тырысты. Сөйтіп, 20 ғасырдың алғашқы жылдарынан бастау алатын Алаш ұлт-азаттық қозғалысы 30 жылдарға дейінгі тарихи кезенді қамтыды. Кеңестік тоталитарлық билік алаштық атанған аға буын зиялылардың ең белсенді бөлігін, сондай-ақ олардың кеңестік-партиялық қызметтегі ізбасарларын «Алаш ісі» деген айып тағып қуғын-сүргінге ұшыратып, жауыздықпен жазалады.

Алаш қозғалысы шындығында 20 ғасырдың бас кезіндегі Ресей империясының озбырлығына, отарлық билік жүйесіне қарсы бағытталған алдына бейбіт мақсат қойған қазақ зиялыларының ұлт-азаттық қозғалысы болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –296 б.
2. Қозыбаев М. Ата тарихы туралы сыр. –А., 1993. – 41 б.
3. Нұрпейісов К. Ұлт-азаттық күрес және «Алаш» қозғалысы. //Ақиқат. 1996.- 21 б.
4. Сулейменов Б.С. Аграрный вопрос в Казахстане в последней трети XIX-начале XX века.-Алматы, 1963.
5. Турсунбаев А.Б. Из истории крестьянского переселения в Казахстан.- Алматы, 1950.
6. «Алаш» қозғалысы. Алматы,2008. ISBN 9965-32-715-7
7. Тарихи тұлғалар.Танымдық-көпшілік басылым.Құрастырушы: Тоғысбаев Б.Сужикова А. –Алматы. «Алматы кітап баспасы»,2009 ISBN 978-601-01-0268-2
7. Қазақстанның қазіргі заман тарихыЖалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық.2-басылымы, өңделген.Жалпы редакциясын басқарған т.ғ.д.,профессор Б.Ғ.Аяған..Алматы,2009. ISBN 9965-34-933-9

Демеуов А.Ш¹., к.п.н., доцент

¹Актюбинский университет имени С.Баишева

ПРИЧИНЫ ВОЗНИКНОВЕНИЯ И ОСНОВНЫЕ ЦЕЛИ ДВИЖЕНИЯ АЛАШ

Аннотация

В статье раскрываются причины повлиявшие возникновению движения Алаш и благородных целях ставившие им перед собой ради светлого будущего казахского народа.

Ключевые слова: *движение Алаш, деятели Алашорды.*

Demuev A.Sh¹., cand.of ped.sc., Associate Professor

THE CAUSES AND MAIN OBJECTIVES OF THE ALASH MOVEMENT

Summary

The article reveals the reasons that influenced the emergence of the movement Alash and noble goals, put them in front of him for the bright future of the Kazakh people.

Key words: *Alash movement, figures for Alashorda's.*

УДК 94 (574)

Демеуов А.Ш¹.п.ғ.к.,доцент

¹*С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті*

«АЛАШ» ПАРТИЯСЫ МЕН АЛАШОРДА АВТОНОМИЯСЫНА 100 ЖЫЛ

Түйін

Мақалада қазақ интеллигенциясының өкілдері мен Ресей патша әкімшілігінің кедергілеріне қарамастан, 100 жыл бұрын 1917 жылы 21-26 шілдеде бірінші АІІ-казак конгресінің шешімі Алаш партиясын құрды және алғашқы ұлттық автономияны жариялады. Қазақ халқы заманауи тәуелсіз Қазақстанның прототипі.

Кілт сөздер: *Алаш партиясы, Алашорда автономиясы.*

Үстіміздегі 2017 жыл Қазақстан үшін айтулы жыл. Биыл еліміз «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметінің құрылғанына 100 жыл толуын атап өтуде. Бұл айтулы шараға алаштанушы өз ғалымдарымыздан бөлек Өзбекстан, Түркия, Ресей, Германия, Ұлыбритания, Қытай ғалымдары атсалысуда.

Кез келген мемлекеттің тарихы сол елдің, халықтың тәуелсіздік жолындағы саяси күресі тарихымен, өзектес келетіні табиғи құбылыс. Ал саяси күрестің нәтижелі болып, алға қойған мақсаттарын жүзеге асыруы оны басқарған қайраткерлердің еңбегі мен басшылыққа алған саяси және құқықтық ілімдерінің өміршендігіне байланысты.

Осы тұрғыдан келгенде демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудағы ұлы мақсаттарын жүзеге асыруға кіріскен

Қазақстан Республикасының тұтас тарихын жасау үшін оның мемлекеттілігінің қайнар бастауына, әр дәуір, кезең сайын өсіп-өркендеп, қалың бұқараның басым көпшілігін өз соңына ерте білген, елдегі саяси күштерді, қозғалыстарды біртұтас Алаш қозғаласына ұластырып, ұлттық-демократиялық бағыттағы Алаш партиясын ұйымдастырған, европалық үлгідегі Алашорда үкіметін құрып, соның нәтижесінде Алаш автономиясын жариялаған Алаш қайраткерлерінің өмірін және олардың саяси, құқықтық көзқарастарын түсінудің маңызы ерекше.

Сондықтан бұл мақаламызда XIX ғасырдың соңында Ресейдің аса ірі ғылыми орталықтарында білім алып, әуелі ағарту ісіне, кейін саяси күреске белсене қатысқан, біртіндеп оның қазақ даласындағы жетекші күштеріне айналған қазақ зиялыларының Алаш қозғалысы төңірегіне топтасуы, сол негізде Алаш партиясының құрылуы мен оның қызметінің басты кезеңдерін сөз қыламыз.

Алаш партиясының негізгі ұйымдастырушылары европалық білім алған қазақ зиялыларының алғашқы буыны Ә.Бөкейханов, Ж.Ақбаев, Х.Досмұхамедов т.б. халық арасынан шығып, қазақ даласында оқу-ағарту, әдебиет пен публицистика саласындағы қызметті өрістеткен А.Байтұрсынов, М.Дулатов сияқты халық қайраткерлерімен ортақ мақсат жолында рухани және саяси одақ құруы Алаш қозғалысын қазақ даласындағы бірден-бір жетекші саяси күшке айналдырды.

Міне, осы саяси күштің өз мақсаттарын жүзеге асыру жолындағы 1905 жылғы Қоянды жәрмеңкесінде дүниеге келген Қарақаралы петициясынан бастап, Алаш бағдарламасына дейінгі іс-әрекетінің жиынтығы мен формалары қазақ даласында қалыптасқан күрестің жаңа құқықтық доктринасын дүниеге әкелді. Оны жасауға ұлт-азаттық қозғалыс көсемі Ә.Бөкейханов бастаған қазақ зиялыларының алғашқы буыны, Ж.Ақбаев, Х.Досмұхамедов сияқты орта буын өкілдері және 1917 жылғы Ақпан төңкерісі кезінде Томск технологиялық институтының 5-курсында оқып жүрген Ә.Ермеков сияқты жас буын өкілдері, сондай-ақ XX ғасыр басында қазақ даласында шығармалары кеңінен тараған А.Байтұрсынов, М.Дулатов сияқты халықтың зиялы қауым өкілдері қатысты. Бұл Алаш қозғалысы мен олардың басшылыққа алған саяси және құқықтық ілімін жасауға қазақ халқының зиялы қауым өкілдерінің барлық топтары қатысып, бүкіл қазақ қоғамын қамтыған саяси күш болғандығының айқын дәлелі болғанын білдіреді.

Көп жылдар бойы Кеңес үкіметі жүргізген озбырлық пен қырып жоюға тарихты өрескел бұрмалауға негізделген саясаттың салдарынан халқымыздың сана сезімі өлшеусіз де орны толмас жұтандыққа ұшырап, оның интеллектуалды ауқымының дамуына үлкен нұқсан келді. Қазан төңкерісіне дейінгі жалпы адамзат өркениетінің төрінен орын алған ірі тұлғалармызға «байшыл», «кертартпа», «діншілдер» деген жалған айдар тағылды. Олардың бай мұраларын зерттеуге цензура арқылы тыйым салынды. Партиялық талап, маркстік-лениндік идеялогия қазақ халқының

дарынды дара перзенттерінің бостандық пен ұлт тәуелсіздігі үшін аянбай тер төккен ерекше еңбектерін большевиктік көзқараспен біржақты бағалап, оларды мемлекетке «қажетсіз» санап, 70 жылдан астам мерзімге жоққа шығарды.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Алаш партиясының құрылуы кезінде қазақ қоғамы әлі де болса ақ пен қараны біле қоймаған еді. Сол кезеңдегі бұқара халық «Алаш» партиясына басқаша көзқараста болды, яғни «Алаш» деген сөздің өзінен ат тонын ала қашты. «Алаш» сөзі арғы ата-бабаларымыздан келе жатқан көне сөз екені көпшілікке мәлім. Ата-бабаларымыз «алты алашқа» қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, башқұрт, қарақалпақ халықтарын жатқызған. Қазақ халқы өзінің елге қамқор болған азаматтарын «Алаштың азаматы» деп аса қадірлеген.

Ал қазіргі таңда тәуелсіздігімізді алғаннан кейін «Алаш» партиясына басқаша көзқарас пайда болды. Ұлы мақсаттарын жүзеге асыруға кіріскен Қазақстан Республикасының тұтас тарихын жасау үшін оның мемлекеттілігінің қайнар бастауы болған Ұлттық демократиялық бағыттағы «Алаш» партиясы Европалық үлгідегі Алашорда үкіметін құрып, соның нәтижесінде Алаш автономиясын жариялаған. Сондықтан «Алаш» партиясының өмірін және олардың саяси құқықтық көзқарастарының зерттелуі соңғы ұрпақ үшін маңызды мәселе.

Зерттеуде, әрине, «Алаш» партиясының саяси қайраткерлерінің саяси құқықтық көзқарастарының эволюциясы қоса қарастырылды. Қазақтың демократиялық интелгенциясы туған еліне өркениетті қоғамдық даму бағдарламасын ұсына отырып, өздері атқарып отырған істерінің тарихи мәнін терең түсінген азаматтар еді. Туған елінің бостандығы үшін соңғы деміне дейін күрескен олар империялық зорлықтың құрбаны болған.

Алашорда үкіметі ұзақ өмір сүрмеді. Дегенмен тарихта үлкен із қалдырды. Оның басшылары ұлттық демократиялық мемлекет құрып, оның саяси құқықтық жағын негіздеді. Алашорда үкіметі халықтық әдет-ғұрып құқығын жаңа жағдайға ұтымды пайдалана білді. Бірақ сол кездегі қызыл үкімет «Алаш» партиясының тарихи саяси идеясын тұншықтырды. Кейіннен уақыт өте келе «Алаш» қайраткерлері ақталды, басшылары аса білікті күрескер ретінде тарихқа енді.

Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметінің саяси әрекетін жоғары бағалады. Тәуелсіздікке қолы жеткен қазақ жұртына есімдері тарихқа беймәлім болып келген «Алаш» азаматтарының қайта оралуы халқымыздың сана сезіміне ерекше зор әсер етті. Рухани өмірімізге өлшеусіз күш берді. Қазақ үшін жан беріп, жан алысқан саяси күрестердің болғанын қазақ зиялыларының пікірлерінен айқын аңғаруға болады. Алаштың белгілі өкілі Сұлтанбек Қожанов «Өзіміздің большевиксінгендерге» деген мақаласында «Осы күнгі Руссияны бір үлкен ауру әлсіретіп отыр деп жазды.. Бұл аурудың шын аты — надандық, ал өтірік аты — большевизм», -деуі сол кездегі саяси күреске берілген шынайы баға еді.

Соңғы кездері XX ғасыр басында ғұмыр кешіп, қоғамдық саяси, құқықтық ой-пікірді дамытуға үлес қосқан қазақ қайраткерлері мен ойшылдары туралы бірнеше зерттеулер жарық көріп, тарихымыздың ашылмай жатқан беттеріне біршама сәуле түсіргендей болды.

Ел басымыз Н.Ә. Назарбаев «Алаш» партиясының саяси әрекеттерін жоғары бағалап, өзінің «Тарих толқынында» деп аталатын кітабының бір бөлімін «Алаш мұрасы және осы заман» деп атады. Ел басы «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған көптеген қағидалар күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр деп көрсетті. Бұл ұлттық емес, патриоттық ұйым алдына қойған мақсатты қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп оны осы заманғы шындыққа бейімдеуі еді», дей келе «Қазақ халқы өзінің басты мақсаты — ұлттық мемлекеттігін қайта қалпына келтіруге нақтылы мүмкіндік алды. Алайда оқиғалардың бейбіт өрбуін Ресей қозғалысындағы тың дағдарыс бұзып кетіп, оның өзі большевиктер партиясының диктатурасын орнатуға әкеліп соқты», — деп жазды.

Ұлт-азаттық қозғалыс тарихының өзекті мәселеллерінің бірі «Алаш» партиясының құрылуы оның тарихи негіздері, саяси әлеуметтік, сондай-ақ құрылған партияның қазақ тарихында алатын орны. Саяси партия құру әрекетін қазақ зиялылары бірінші орыс революциясы жылдарында-ақ қолға алған болатын. Бірақ қорытынды шықпаған.

Содан «Алаш» партиясы 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында өткен Бірінші бүкілқазақтық съездің шешіміне байланысты құрылды. Осы «Алаш» партиясының құрылуына ат салысқан, халқымыздың өз еркіндігі үшін күрес жолында мәңгі өлмейтін, терең із қалдырған қайраткерлеріміздің тізімі жетерлік.

«Алаш» партиясының негізін салушылар шын демократтар болды. Партия бағдарламасын бұрмалаушылардың зұлымдық ойы тегінде, бірде феодалдық тәртіптерді, бірде ұлттық ұсақ буржуазияны қорғайды деп саналатын ұлтшылдар тобы дайындап, қабылдаған деп көрсеткісі келді. «Алаш» партиясы жөнінде пікірлер өзінің ақиқатына дер кезінде жете қоймады.

Қазақстан өз мемлекеттік дербестігін алғаннан кейін ғана, ұлттық бостандықты мақсат еткен алаш зиялыларының арманы толық орындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құсанова Ш. «Алаш» партиясы тарихын зерттеу хақында.-42 б.
2. Құл-Мұхаммед М. Алаш-бағдарламасы. А:Атамұра, 2000.-8 б.
3. Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлерінің саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. А.: Атамұра, 1998. –296 б.
4. Кенжин А. К исторической оценке деятельности партии Алаш.-Известия Киробкома ВКП(б). 1923. №1.
5. Материалы по истории политического строя Казахстана. Т.1.-Алматы, 1960.
6. Хазірет-әлі Тұрсын. Түркістан Мұхтарияты мен Алашорда үкіметтерінің тарихи сабақтастығы.//Ақиқат. № 4. 2001.

7. Шарафудинов З. Қазақ жерін алаш автономиясына біріктіру.// Қазақ тарихы. № 2. 2001.

Демеуов А.Ш¹., к.п.н., доцент
¹Актюбинский университет имени С.Баишева

100 ЛЕТ ПАРТИИ «АЛАШ» И АВТОНОМИИ АЛАШОРДА

Аннотация

В статье говорится о том, как из-за выделенную настойчивость представителей казахской интеллигенции и, несмотря на препятствия царской администрации России, 100 лет назад, в 1917 году, 21-26 июля, решение первого Всеказахского Конгресса формируется политическая партия Алаш и провозгласила первую национальную автономию казахского народа, прототип современного независимого Казахстана.

Ключевые слова: *партия «Алаш», автономия Алашорды.*

Demeuov A.Sh¹. cand.of ped.sc., Associate Professor
¹Aktobe University named after S.Baishev

100 YEARS OF THE PARTY "ALASH" AND AUTONOMY OF ALASHORDA

Summary

The article talks about how because of the dedicated perseverance of representatives of the Kazakh intellectuals and, despite the obstacles of Imperial administration of Russia, 100 years ago, in 1917, 21-26 of July, the decision of the First all-Kazakh Congress formed a political party Alash and proclaimed the first national autonomy of the Kazakh people, the prototype of the modern independent Kazakhstan.

Key words: *party Alash, the Alashorda autonomy.*

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДА СӨЙЛЕУ ШЕБЕРЛІГІНІҢ РОЛІ

Түйін

Бұл мақала білім беру саласының мамандарын даярлаудағы сөйлеу шеберлігінің маңызына арналған. Автор шешендік шеберліктің мәнін анықтап, шешендік өнердің жалпы талаптарын ұсынады.

Кілт сөздер: *сөйлеу шеберлігі, шешендік, шешендік шеберлік.*

Қашан да, қай ортада да мәдениеті жоғары адамды ерекше бағалайтыны мәлім. Мәдениеттің құрамдас бөлігі сауатты әрі дұрыс сөйлеу білу шеберлігі болып табылады. Сөз өнері – серіктеспен тіл табысудың бірден бір кепілі. Өйткені кез-келген ортада алдымен делдал болатын қызыл тіл болып табылады. Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, дүние жүзінде өз саласында адамдардың 10-15 пайызы ғана табысқа қол жеткізген. Бұл көрсеткіш негізінен іскерлік қабілетімен қатар сөйлеу шеберлігі пен әдептілік мәдениетті меңгерген жандарға тән. Сол себепті қазіргі қоғамда шешендікті, мәнерлеп сөйлеу тәсілін меңгерудің маңызы зор.

Тілмен ықпал ету проблемасы тарихқа көптеген белгілі ойшылардың жүйелерімен, концепцияларымен бірге енді. Ерте заманда шешендік өнер Мысыр, Вавилон, Ассирия, Қытай, Үндістан елдерінде өркендеп дамыған. Алайда, осынау өнердің үзілмес тарихы көне Грекиядан басталады. Өйткені шешендік өнер қоғамдық қажеттіліктен туды, құлиеленушілік қоғамда әлеуметтік даму өрістеп, демократияның жандануына жойқын қорғаушы күш ретінде тарих сахнасына шықты. Б.з.д. V ғасырдың екінші жартысында грек – парсы соғысынан кейін Афиныда және оның қоғамдық өмірінде, мемлекет істерінде, саясат майданында маңызды факторға айналды. Сократ, Платон, Аристотель, Цицерондардың шешен, үлгілі азамат өз ортасының ұстазы, дана, шешендікке қажетті барлық сапаларға ие болуы тиіс деген ойлары [1]; шыдамдылық, ақылдылық, адамдық қатынастардың үйлесімділігіне бағдарлығы негізі болып табылатын Э.Роттердамскийдің өмірлік принциптері; Ж.Ж.Руссоның «табиғи тәрбиелеу» жүйесі; К.Д.Ушинскийдің мұғалімді ұлттық – мәдени эстетикалық сөйлеу үлгісіне сәйкес сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу, тәрбиенің негізгі факторы – ана тілі туралы идеялары; Ш.Уәлихановтың сот істерін шешендік өнер арқылы шешуге рұқсат берілгені туралы, қазақ халқының шешендік өнерін басқа шығыс халықтарының шешендік өнерімен салыстыруы және оның алғашқысының артықшылықтары туралы ұстанымдары; Ы.Алтынсаринның мұғалімді әдістемелік ағарту жұмысына, оның ішінде тіл пәндерін оқыту әдістемесіне арналған көзқарастары; А.Құнанбаевтың ғалым – тәрбиеші туралы

толғаныстары; М.Әуезовтың ана тілін үйренудің адамгершілікпен, тұлға мәдениетімен тығыз байланыстылығы туралы, халық ауыз шығармашылығының үлкен мүмкіндігі туралы, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде тануы туралы ойлары күні бүгінге дейін мәнін жоғалтқан жоқ.

XX ғасырдың 90 – жылдары шешендік өнердің сұрақтарын қарастырған авторлардың еңбектері шыға бастады. Шешендік өнер басқа адамға оның ұстанымын өзгерту мақсатында ықпал етеді. Осыған орай, шешендік өнерді меңгерудің «сөйлеу жауапкершілігі жоғары» ортада қызмет ететін және адамдардың көзқарастар жүйесіне жауапты мамандар үшін, оның ішінде педагогтар үшін қажеттілігі жоғары.

Қазіргі таңда риторика мен оған жақын ғылымдар арасы пікір таластар туғызуда. «Риторика» терминдік атауының әуелгі әрі негізгі мағынасы шешендік өнердің теориясы дегенді береді. Сондай-ақ сыртқы сымбаты сұлу, мағынасы кемшін қызыл тіл дегенді білдіреді [2]. Ал оратор – латынша «orator» - яғни сөйлеу, ғайыпты болжау деген мағынаны береді.

Б.Ц.Бадмаев пен А.А.Малышев бойынша шешендік өнерді игеруде өзіндік талдау, өзін - өзі бағалау, өз сөзін талап тұрғысынан талдау қажеттілігі үлкен орын алады. Авторлардың ойынша, шешендік өнерді игерген тұлға келесі қасиеттерді жоғары дәрежеде көрсете білуі тиіс: сөйлемдерді құрастыру мен сөзді қолданудың сауаттылығы; сөйлеу пәнін жан – жақты білімділік, талданып жатқан проблеманы нақты міндеттермен және адамдардың мүддесімен логикалық байланыстыру икемділігі; сұрақ қоя білу, сол арқылы пікір алысушылар проблема төңірегінде ойлану және оны шешу тәсілдерін іздеу процесіне енгізу; аудиторияны өзіне қарата білу; аудиториямен өзара түсіністік қатынас орнату; өз ойларын терең және қарапайым түсіндіре білу; аудиториямен жағымды тонда сөйлесу [3].

Сөйлеушінің шешендігі тыңдаушының дүниетанымын – тұлғаның қоршаған ортаға қатынасының жоғарғы деңгейін қалыптастырады. Дүниетанымның маңызды құрылымдық компоненттері ретінде білімдер жүйесін, көзқарас, сенім, адам идеалын айтуға болады. Білім беру саласында сенімді қалыптастырудың маңыздылығы сенімнің адам іс әрекетіне, мінез – құлқы мен тұлғалық қалыптасуына белсенді ықпал етуінде. Сенімді қалыптастырудың қиындығы біліммен салыстырғанда олар сананың қозғалмалы элементі болып табылады және тез түрөзгеріске ұшырамайды. Екінші жағынан сөйлеуші сенімнің тұрақтылығы адамның абыройы екенін, яғни сенімнің арқасында тұлға өзін - өзі сезінетін және қоршаған ортаға белгілі бір бүтіндік, құндылық және даралығын көрсететінін есепке алуы қажет [4]. Әрбір педагог сөзді орынды қолдана білуі, сендіру дағдысын игеруі тиіс.

Шешендікті, сендіру өнерін игерген тұлға әртүрлі міндеттерді шешіп, нақты мақсатына жетеді.

Шешендік өнердің жетекші мамандарымен жалпы талаптар қабылданған. Бұл талаптар нақты мәтіндер мен ауызша баяндауларды үлгі ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Бірінші белгі – материалдың мазмұны: теориялық деңгейі, өмірмен, тәжірибемен байланыстылығы; материалдың жаңашылдығы, қисындылығы, дәлелдер мен фактілердің анықтығы мен көптігі; ақпараттың толықтығы және т.б.

Екінші белгі – адамгершілік – бағалаушылық: сөздің шындыққа сай болуы, диалогқа қатынасушылардың артуы және т.б.

Үшінші белгі – мазмұндау әдістемесі. Аудиторияның ерекшеліктерін есепке алу, түсініктілік, өз бетінше талдау мен бағалау, мазмұндаудың проблемалығы; құрылымның дәлдігі; аудиториямен қатынаста болу; көрнекілік құралдарды пайдалану; сұрақтарға дәл жауап беру; сөйлеу стилінің, көпшілік алдына шығып сөйлеу түрінің сәйкестігі және т.б.

Төртінші белгі – тіл және стиль: лексикалық қордың байлығы, грамматикалық түзілімі, шешендік троп пен фигура түрлерін қолдану; көркем әдеби бейнелерді қолдану; екпіннің дұрыстығы, эмоционалды; көпсөзділіктің, қыстырма сөздердің болмауы; сөздің анықтылығы, тілдік құралдарды дәл таңдау және т.б.

Бесінші белгі – сөйлеу техникасы: дауысы болу (күші, тембрі), дұрыс дем алу, дикцияның дәлдігі, екпіннің мәнерлілігі мен нақтылығы, сөйлеудің жылдамдығы, үзілістері және жиілігі, жест пен мимиканың сай келуі және т.б.

Алтыншы белгі – сөйлеушінің сыртқы келбеті [5]. Статистика бойынша, адам туралы алғашқы ой-пікірлердің тек 7 %-ы ғана ақыл-ой қабілеті бойынша қалыптасса, қалған 93 %-ын сыртқы келбеті, сөзі және дауыс тембрі құрайды [6].

Педагогтың сөйлеу шеберлігінің деңгейі тыңдаушыға ықпал ете білу, қарым – қатынастың вербальды және вербальді емес құралдарының көмегімен айтылған сөзінің дұрыстығын дәлелдеу арқылы көрінеді.

Педагогтың шешендігі «адам – адам» жүйесінде қатынастар үйлесімділігіне ықпал етеді, сондықтан қазіргі жағдайда бұл түсінікті қалыптастыру өзекті болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Корнилова Е.Н. Риторика – искусство убеждать. Своеобразие публицистической античной эпохи. – М.: Изд – во УРАО, 1998. – 208 с.
2. Рождественский Ю. В. Теория риторики. – М.: Добросвет, 1997. – 600с.
3. Бадмаев Б.И., Малышев А.А. Психология обучения речевому мастерству. – М.: ВЛАДОС, 2000.-224с.
4. Зарецкая Е.Н. Риторика: Теория и практика речевой коммуникации. – М.: Дело, 1998. – 480 с.
5. Жалгасбаева А.К. Риторика в подготовке будущего учителя. – Актөбе: АГУ им.К.Жубанова, 2007. – 140 с.
6. Столяренко Л.Д. Основы психологии: Учеб. пособие.- 4е изд., перераб. и доп.- Ростов н/Д. Феникс, 2001.- 672с.

*Измлеуова С.Ш¹. старший преподаватель
Актюбинский университет им.С.Баишева*

РОЛЬ ОРАТОРСКОГО МАСТЕРСТВА В ПОДГОТОВКЕ СПЕЦИАЛИСТОВ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

Эта статья посвящена роли ораторского мастерства в подготовке специалистов в области образования. Автор определяет сущность ораторского мастерства и предлагает общие требования к ораторскому искусству.

Ключевые слова: *ораторство, ораторское мастерство.*

*Iztleuova S.Sh¹., senior teacher
Aktobe University named after S.Baishev*

THE ROLE OF PROFESSIONAL RHETORIC IN THE TRAINING OF SPECIALISTS OF EDUCATION

Summary

This article is devoted to the role of professional rhetoric of specialists in the field of education. The author defines the essence of rhetoric and proposes common demand for professional rhetoric.

Key words: *oratory, professional rhetoric.*

УДК 316.6

*Миралиева А.Ж¹., п.с.э.к., Ph.D.
Байгутдиева Г.Ж¹., студент
С.Баишев атындағы Ақтөбе университеті*

ОТБАСЫ - ӨМІР АЯСЫ

Түйін

Бұл мақалада отбасы тәрбиесінің бала өмірінде маңызы, баланың өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата-ананың орны, ата-ана мен бала

арасындағы қарым-қатынасы, баланың бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мәселелері қарастырылады.

Кілт сөздер: *отбасы, тәрбие, ата-ана, мектеп, ұстаз, қарым – қатынас, адамгершілік.*

Бала тәрбиесі ата –ана үшін күрделі де жауапты міндет. Баланың өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата–ананың орны бөлек. Тәлім–тәрбиелік жарасымдылық мектеп пен ата–ана, әлеуметтік орта бірлесіп жұмыс істеген жағдайда ғана үйлесімділік табады. Қай халық болсын ұрпағының тәрбиесіне терең мән беріп, болашағына үнемі алаңдаушылықпен қараған. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам мұрагерлерін тәрбиелеу ісі. «Отан отбасынан басталады» демекші, ата –аналар мен ұстаздар қауымы үшін жас ұрпақ тәрбиелеп, оны қоғам мүддесіне жарату кезек күттірмейтін мәселе. Осы мәселеге ата –аналар мен ұстаздар қауымы болып бірге атсалыссақ, алар асуымыздың биік болары сөзсіз. Адамгершілік –адамның рухани арқауы. Ал моральдік жағынан кіршіксіз таза болу дегеніміз-адамгершіліктің асқар шыңы. Адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиеттерімен ардақталады. Адамгершілік негізі – имандылық пен ізеттілікте. Ол әрбір отбасынан басталады. Осыны жадында тұтқан қазақ халқы жастарды кішіпейілділікке, инабаттылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет деп санаған. Ер балаларға үлкендерге қос қолдап сәлем беруді, қыз балаларға ибалық жасап жол беруді, жасы үлкендердің алдын кесіп өтпеуді уағыздаған. Жастардың жанына сыпайылық, кішіпейілділік қағидаларын үнемі сіңірумен болған жастарды саналы тәртіпке тәрбиелеу мәселесі ерекше маңызға ие.

Халық «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер» дейді. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да, жаманға да бейім болатыны баршамызға аян. Ата–ананың үйдегі іс–әрекеті балалардың көз алдында өтеді. Сондықтан жақсы мен жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор. Бүгінгі бәсекеге қабілетті талап еткен қоғамда жас ұрпақты сол қоғам мүддесіне сай, оның мұң –мұқтажын өтерлік, елін, жерін, халқын көзінің қарашығындай қорғайтын ұлтжанды, отаншыл азамат етіп тәрбиелеу көзделінеді.

Бүгінгі ұрпақ – еліміздің болашағы. Біздің алға қойған мақсатымыз – қазіргі қоғам мұратына сай жан –жақты жарасымды тұлға өсіру. Жеке тұлғаның өзін қоршаған ортадан тәрбиені бойына сіңіріп өсуін өсімдіктің күн сәулесі арқылы өскені сияқты қарастыруымызға болады. Күн сәулесі өсімдік тіршілігіне қандай қажет болса, тәрбие тұлғаның дұрыс өсіп жетілуіне соншалықты қажет. Ұрпағымызға дұрыс тәрбие бере алсақ, оның жан дүниесі де дұрыс қалыптасып жетіледі, яғни бойына жақсы қасиеттерді сіңіріп өсіреді . Бұл қасиеттердің бәрі адамның бойында бала кезінен бастап тұрақты қалыптаспақ. Баланың өмір сүруге құштарлығының оянуы жақсы мен жаманды ажырата білуі өзін қошаған ортасына, мұғаліміне, ата –анасына, құрбы –құрдастарына, олардың іс –әрекеттеріне және де басқа да қасиеттеріне байланысты . Кешегі күнсіз келешек жоқ. Бүгінгі ұрпақты сонау

замандардан жинақталған ата –бабаларымыздың мол мұрасымен сусындату – біздің міндетіміз. Ұлдың батыр, қыздың әдепті болып қалыптасуы бабаларымыздың өнеге–өсиетін сабақта ұтымды пайдалана білуімізге де байланысты деп ойлаймыз. Әке–шешесі жақсы болса, балалары да жақсы тәрбие алып өседі. Бұл сөздерді біз өте жиі естісек те, соншалықты жиі «жақсы әке–шеше» деген сөз қандай мағына беретінін түсіндіре алмаймыз. Әке–шеше болатын адамдар жақсы ата–ана болу үшін арнайы әдебиеттерді оқу немесе тәрбиенің ерекше тәсілдерін үйрену керек деп ойлайды. Әрине педагогикалық және психологиялық білім керек, бірақ бұл әдетте жеткіліксіз болып табылады. Жақсы әке–шеше болуда қандай да бір әрекет түрінде қателіктер, сенімсіздіктер, сәтсіздіктер, жеңілістер сонымен қатар жеңістер де болуы мүмкін. Отбасындағы тәрбие сол өмірдің өзі болып табылады. Және де біздің жүріс–тұрысымыз, тіпті біздің балаға деген сеніміміздің өзі де күрделі, бірқалыпсыз, кейде қарама –қайшылықта болып келеді. Балалар бір –біріне қаншалықты ұқсамайтын болса, әке мен шеше де бір–біріне соншалықты ұқсас емес. Баламен қарым–қатынас та терең индивидуалды және бір–біріне ұқсамайтын болып келеді. Әке-шешенің көбісі балаға жақсы көретінін білдіртпеу керек деп ойлайды. Олардың ойынша баланы тым жақсы көру олардың ерке болуына, өзімшіл болуына әкеп соғады деп ойлайды. Бұл ойды жоққа шығару керек. Осы жағымсыз тұлғалық қасиеттер керісінше, осы балаға деген махаббаттың жетіспеушілігінен пайда болады. Баламен үнемі терең психологиялық байланыс орнату –тәрбиенің әмбебап шарты болып табылады. Бұндай байланыс балаға қай жаста болса да керек. Ата–анасымен байланысты білу, сезіну–балаға әке–шеше махаббатын, қамқорлығын сезінуге мүмкіндік береді. Осыған баланы сендіру керек. Тәрбие диалогын қалай құру керек? Оның психологиялық сипаты қандай болу керек? Ондағы басты мақсат–ортақ мақсатқа бірге талпыну, әр түрлі ситуацияларда әке–шеше мен баланың біржақты бағыт ұстануы болып табылады. Бұл көзқарастар мен бағалаудың міндетті түрде бірдей болуы керек деген сөз емес. Көбінесе әке–шеше мен баланың көзқарастары сәйкес келе бермейді. Дегенмен мәселелерді шешуде екі жақ бір бағыт ұстанатын бала әрқашан білуі, түсінуі керек. Бала әке–шешенің тәрбиелеу объектісі емес, ортақ отбасылық өмірдің одақтасы болу керек. Сондықтан отбасылық өмірге, мақсаттар мен жоспарларға ортақтас болғанда ғана біржақты тәрбие жойылып, маңызды диалог құрыла бастайды. Қорытындылай келе, тәрбиедегі ең басты ережелер – балаға керекті кезде назар аудара білу, оған деген махаббатты қай жаста да көрсете білу, оның көзқарастарын ерекшеліктерін түсіне білу болып табылады дегіміз келеді.

Сонымен жаңа ғасырда, қоғам мүддесіне сай лайықты жан–жақты жетілген ертеңгі қоғам иегері боларлық азамат тәрбиелеп өсіру отбасының, балабақшаның, мектептің, барша жұртшылықтың міндеті болып отыр.

Біздің отбасымыздың құндылығы–біздің мемлекетіміз ұстанып отырған басты саясат болып табылады. Шаңырақтың үйлесімді дамуы мемлекеттің іргетасының берік болуына қызмет етеді. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан

Назарбаевтың әр жылда халыққа арнайтын Жолдауында да отбасылық құндылықтарды сақтау, бала тәрбиесі мәселесін дәріптеу, ата-аналардың балаларын шынайы қамқорлыққа алу мәселелері тұрақты сөз болып келеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында (27-бап) «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауына болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті», - делінген. Бұл жолдар әр баланың білім алуына мемлекеттің басты назар аударатынын және ол отбасының парызы екенін айғақтай түседі. Қазақ табиғатында отбасы иелері ең әуелі өз ұлы мен қызының алдында тәрбиелі, өнегелі, үлгілі болуға тырысқан. Оның ең басты себебі, «ұлдың ұяты - әкеде, қыздың ұяты - шешеде» деп бағалағандықтан.

Ата-бабаларымыз бала тәрбиесіне ерекше назар аударып, «Беске келгенше баланды хандай ұста, он беске дейін құлдай жұмса, он бестен кейін досыңдай көр» деп, баланың ой-өрісі даму кезеңін ерекше бағалаған. Қазаққа тән игілік пен ұлттық сана дегеніміз ол - әдептілік, бауырмалдық, қонақжайлылық, еңбекқұмарлық, ұрлық, қиянат жасамау, үлкенді сыйлау, тағы сондай сияқты. Қазақ ойшылдарының көзқарасындағы басты идея «атаның баласы болма, адамның баласы бол, жақсы көпке ортақ, пайдаң еліңе, халқыңа тисін» деген гуманистік ой-пікірді қуаттау болды. Қазақ халқы баланы жамандықтан жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болуын, һәм байсалды, ойламды, шымыр болып өсуін ұлт тәрбиесінің негізгі қағидасы етіп ұсынған.

Ата-ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажет жағдай жасайды. Бұған баланың қажеттігін толық қанағаттандыру, оны дене және ой еңбегіне үйрету, күн тәртібін дұрыс реттеуге, салауатты өмір сүруге, адал болуға тәрбиелеу, жақсылықты үйретуге, жамандықтан жиренуге үйрету, бойында жастайынан мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жатады. Отбасындағы ата-ана - баланың өмірлік ұстазы және тәрбиешісі. Баланың болашағы, білімі, мәдениеті отбасындағы ата-ананың сіңірген еңбегіне, тәлім-тәрбиесіне байланысты. Тәрбие берудің негізгі мәйегі - мейірім мен сүйіспеншілікте. Бала кімнен мейірім көрсе, сол адамды ерекше жақсы көреді. Өзі жақсы көрген кісіге еліктегіш келеді. Баланың қатесін түзетіп, дұрысын үйретуде жаза берудің ерекше орны бар екенін жоққа шығармаймыз. Бірақ жазалаудан бұрын қателерді түзетуде ең әуелі мейірім мен насихаттың әсері мол екенін ескергеніміз жөн.

Біздің халық ер адамды ұлықтаған, ол - үйдің отағасы, балалардың әкесі. Бүгінгі таңда әке түрлі себептермен отбасындағы күшін жоғалтуда. Сонымен бірге әке тәрбиесі жетіспейтін отбасылар да көптеп кездесуде. Ата-ананың мейірімін көріп, сезініп өспеген бала - өте қамкөңіл, тез ренжігіш, күйгелек мінезді, қатыгез болып келетіндігі анықталған. Әл-Фарабидің «Тек бақытты адамдар ғана ізгі істер атқаруға қабілетті болады» деген ұлағатты сөзін ескеретін болсақ, отбасында татулық пен береке болған ортадан

шыққан маман ғана қоғамға пайдалы істермен айналыса алмақ. Бүгінгі таңда қазақтың біртуар перзенті М.Әуезовтың «Ел болам десең, бесігіңді түзе!» деп айтқанындай әрбір дүниеге келген бала тағдырын мемлекеттік деңгейде отбасылық тәрбие жағдайында іске асыруды ойластыра отырып, дәстүрлі ұлттық тұрғыдағы отбасылық тәрбие жұмысын жүйелі жүргізу қажеттігі артып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дулатбеков Н.(Жалпы редакциясын басқарған) Ювенология. – Астана, 2010. – 35-366.
2. Семья и родительство –21 век.(Сборник научных трудов). – Курган, 2009. –20-226.
- 3.Қалиев С., Иманбекова Б. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі және оны орта мектептің оқу-тәрбие үрдісіне пайдалану.-Алматы, 2010.-20-226.
4. Мырзагелді Кемел. Конфуций даналығы.Астана: «Аударма». 2002. – 51-526.
5. Құрастырушы Әбдіқалықова Б. Білім беру мекемелеріндегі суицидтің алдын алу жолдары.Алматы, 2011.-36.
6. Оразбекова Қ.«Отбасы тәрбиесінің ұлттық психологиясы» А,1988 ж.
7. Оразбекова Қ. «Иман және инабат». Алматы, 1993ж.
8. Оразбекова А. «Отбасы психологиясы». Алматы,1997 ж.
9. Дорженов С. «Инабаттық иірімдері».Алматы, 1994 ж.
10. Ананьев.Б.«О проблемах современного человекознания».М.,1977 ж.
11. Бодалев А. «Восприятие и понимание и человека человеком». М., 1982 ж.
12. Вартамян Г., Петров Е.С «Эмоция и поведение». Л., 1989 ж.

Миралиева А.Ж¹, к.п.с.н., Ph.D.

Байгутдиева Г.Ж¹, студент

¹Актюбинский университет им. С.Баишева

Семья – сфера жизни

Аннотация

В этой статье обсуждается важность семейного воспитания в жизни ребенка, роль школы, учителя и родителей в адаптации ребенка к жизни, взаимоотношениях между родителями и детьми и моральные качества ребенка.

Ключевые слова: семья, воспитание, родители, школа, учитель, мораль, отношение.

Miralieva.A.Zh¹. cand. of ps.sc., Ph.D.
Baigutdieva.G.Zh¹. student
¹Aktobe University named after S.Baishev

THE FAMILY IS A SPHERE OF LIFE

Summary

This article discusses the importance of family education in the life of the child, the role of school, teacher and parents in adapting the child to life, the relationships between parents and children, and the moral qualities of the child.

Key words: *family, hospice, parent, school, tutor, morality, communication.*

ТЕХНИКА ҒЫЛЫМДАРЫ ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

ОӘЖ 622.765

Букенова А.Т¹., магистрант

Есимова О.А¹., доцент, х.г.к.

¹Әл - Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

МЫС КЕНІ ФЛОТАЦИЯСЫНЫҢ РЕЖИМІН ЖАСАУ

Түйін

Бұл жұмыс мыс кенін байытуда қолданылатын флотация әдісінің режимін таңдауға және жаңа беттік активті заттарды (БАЗ) полиметалдық кендердің концентраттарын бөлу үшін қолдану мен флотация процесінің тиімділігін арттыруға арналған.

Кілт сөздер: *мыс кені, флотация, БАЗ.*

Қазақстан Республикасы полиметалл минерал шикізатының қоры бойынша алдыңғы қатардағы елдер арасынан орын алады, сондай-ақ түсті металдарды тасымалдаушы ірі мемлекеттер қатарына жатады.

Мыс - көпшілік салаларда маңызды материал болып табылады. Ол 198 астам минералдардың құрамына кіреді, соның ішінде өндірістік болып 17 саналады. Негізгі рудалық минералдар – халькопирит, ковеллин, халькозин, малахит, хризоколла, азурит, куприт, диоптаз. Көпшілік өндірістік кен орындарындағы бастапқы кендерде мыс сульфидті формада кездеседі. Тотығу аймағында ол карбонаттар, силикаттар, сульфаттар, оксидтер және басқа да қосылыстармен берілген. Мыс электроника және байланыс аймағында (42 %), құрылыста (28 %), машина жасауда (12 %), өндірістік машина жасауда (9 %), сонымен қатар тұтынушылар нарығындағы тауарлар өндірісінде (9 %) қолданылады.

Соңғы 50 жылда мыс өндіру көлемі ортаса есеппен жылына 6 %-ға өсіп отырды. Нәтижесінде 2009 жылы әлемдегі мыс өндіру 18,3 млн. тонна болды.

Қытай, Чили, Жапония, АҚШ және Ресей мыс өндірудегі әлемдегі көшбасшы болып табылады.

Мыс өндірудегі бастапқы шикізат тапшы болап бара жатыр. 5 %-дық мыс кені өте бай ретінде есептелінеді, ал көпшілік елдердің өнеркәсібі құрамында 0,5% ғана мыс бар кендерді өңдейді.

Қазақстан мыс өндірісі бойынша әлемдегі көшбасшы елдердің ондығына кіреді және ТМД елдері арасында 50 %-дан астам мыс өндіреді. Үдемелі шикізат дефициті шарттары кезінде маңызды шикізат көзі болып кейбір кондицияға сәйкес емес мыс кендерінің үйінділері және кенеусіз кенді мысқұрамды аршылым жыныстары; қараусыз қалған мыс кендерінің өңделмеген қорлар мен ресурстары, сонымен қатар эксплуатациядағы кен орындардың ресурстары мен өңделмеген қорлары және т.б. Бұл дәстүрлі емес мыс өндіру көздерінің шикізаттарының басым бөлігі аралас және тотыққан түзінділермен келтірілген.

Мыс өнеркәсібі – Қазақстанның басты салаларының бірі. Қазақстан айтарлықтай мөлшерде мыс кеніне ие (дәлелденген қорлар бойынша әлемде төртінші орында) және әлемдік нарықтың шамамен оныншы бөлігін бақылай алады. Қазақстандық геологтардың бағасы бойынша, еліміздің жер қойнауында шамамен 40 млн.тонна мыс бар, ол өз кезегінде республикаға 17 кен орнын дамыта отырып, әлемдегі рафинирленген мыстың ірі өндірушілердің және экспорттаушылардың қатарында болуға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы анықталған мыстың қоры шамамен 36,6 млн.тонна.

Қазіргі таңда кенеусіз және қиын байытылатын кендердің өндіріске енуіме байланысты, сонымен қатар кен шикізатын комплексті және барынша толық қолдану қажеттілігімен флотация одан да жоғары мағынаға ие болып жатыр. Флотация тәжірибесі айтарлықтай жетістікке жетті, алайда, флотацияның заңдылықтары бүгінгі таңға дейін толығымен ашылмаған, сондықтан флотацияның теориясы мен практикасының дамуы жайындағы сұрақтар өз өзектілігін жоғалқан жоқ.

Флотация – пайдалы кен байытудың негізгі технологиялық үдерісі болып табылады. Флотация – ұсақ бөлшектерден тұратын қатты фазаның компоненттерін бір-бірінен бөлу немесе сұйық фазадағы қатты бөлшектерді бөліп алу әдісі. Ол кендерді негізгі физико-химиялық байыту әдісіне жатады. Осы әдісті қолдана отырып өндірілетін түрлі-түсті металл кенінің 90% - дан астамы өңделеді. Бұл әдістің кең қолданыс табу себебі: оның әмбебаптылығы мен басқа байыту әдістерінен артықшылығында: жоғары өнімділігі, жоғары автоматтандырылу деңгейі, кедей, майда сеппелі кенді байыту мүмкіншілігі, жоғары технологиялық көрсеткіштері (концентрат сапасы мен бөлініп алу деңгейі), сондай-ақ күрделі полиметалл кендерін кешенді байыту яғни бірнеше бағалы компонент концентраттарын бөліп алу мүмкіншілігі.

Айрықша қиындықтар тотығу дәрежесі жоғары кендерді байыту кезінде пайда болады, олар өңдеу үшін гидрометаллургияны қолдануды талап етеді. Бұл жағдайда да флотацияны қолдану оның интенсификациясы бағытын

✓ Қауіпсіздік. Эмитент қана электрондық ақша эмиссияның кепілі бола алады, мемлекет бұған ешқандай кепілдік бермейді. Бұл фактіні және алаяқтардың көптігін ескере келе, электрондық әмиянды жинақ шоты ретінде қолдану, онымен төлем жасау үшін үдкен сомалар аударуға болмайды. Қауіпсіздік үшін төлемді аз сомаға бөліп жасаған дұрыс.

✓ Қолдану аясының шектеулілігі.

✓ Электрондық ақшалар қолма-қол ақшалардың қолдану аясын толық қамти алмайды. Оның аясы электрондық ақша жүйелерінің ұсынатын қызметтердің алуан түрлеріне қарамастан, қолма-қол ақшамен есеп айырысуға болатын қызмет түрлерімен салыстырғанда шектеулі болып келеді.

✓ Электронды әмиянды қолданудағы мәселелер. Ғаламторға қосылуда қиыншылық туындағанда, компьютер немесе құрылғы істен шыққан кезде немесе электр тогы болмай қалған жағдайда электрондық әмиянды қолдануда мәселелер туындауы мүмкін

✓ Электрондық әмиянды бұзу қаупі. Заманауи қорғаныс құралдарының жоқтығынан шотты бұзып ашу және электрондық ақшаларды ұрлау қаупі жоғары. Оның алдын алу үшін электрондық әмиянның кілт сөзін жиі ауыстырып, транзакцияларды жүргізуде SMS-хабарландыруға қосып қою қажет.

Қазақстанның электрондық ақша нарығының дамудың бастапқы кезеңін өткеруде. Виртуалды әлем өмірдің бөлінбес бөлшегіне айналған кезеңде экономика мен технология дамуы нәтижесінде бұл жаңа төлем құралы көрсететін қызмет түрлері мен оны қолданушылар саны артып келеді.

Жаңа төлем құралы ретінде электрондық ақшаның отандық нарыққа енуі 2011 жылдың 21 шілде күні қабылданған «Электрондық ақшалар мәселесі бойынша ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының қолданысқа енгізілуінен басталады. Бұл Заң елімізде алғаш рет электрондық ақша ұғымын енгізіп, оның заңды мәртебесін бекітті. Қабылданған Заңға сәйкес электрондық ақшаларды қолдану төлем карточкалары, чектер, вексельдер мен төлем тапсырмалары сияқты төлем жасау құралдары ретінде қарастырылады.

2016 жылы 26 шілде күні қабылданған «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының № 11- VI Заңына сәйкес электрондық ақшаны ҚР Ұлттық Банкінің нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпке сәйкес электрондық ақша шығару қызметін жүзеге асыратынын бастамасын хабарлаған эмитенттер (заңды тұлғалар) шығара алады. Бұл электрондық ақшаны шығару қызметі жеке және заңды тұлғалардың қаражаттарын тартумен, сонымен бірге бірқатар банктік операцияларды жүзеге асырумен байланыстылығымен анықталады. Бұған қоса аталған Заңға сәйкес электрондық ақшаны шығарушы эмитенттермен келісім-шарт жасау негізінде жеке банктік емес ұйымдарға электрондық ақша жүйесінде агент немесе жүйе операторы ретінде қатысуға мүмкіндік берілген. Яғни жеке ұйымдар эмитент-банктер шығарған электрондық ақшаларды таратып, оларды қолданумен жүргізілетін операциялар бойынша қызмет көрсете алады. Эмитенттердің қамтамасыз етілмеген электрондық ақшаларды шығару мүмкіндігін болдырмау мақсатында электрондық ақшалар олардың иесінен алынған қаражаттар мөлшері нормасында ғана шығарылады.

Қазіргі кезде ҚР Ұлттық Банкінің мәлеметіне сәйкес электрондық ақша жүйесінде қызметін жүзеге асыратын эмитеттер төмендегі кестеде көрсетілген.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес 2016 жылы қазақстандық эмитенттермен Қазақстанның аумағында электрондық ақшаны пайдалана отырып 154,2 млрд. теңге сомаға 43,3 млн. транзакция көлемінде транзакция өткізді (2015 жылмен салыстырғанда операциялар саны 2,7 есе ал соммасы 3,5 есе өсті).

Кесте 1. Қазақстанның электрондық ақша жүйесі (2017 жылдың 25 тамыздағы жағдайы бойынша)

№	Электрондық ақша жүйесі	Эмитент	Электрондық ақша жүйесінің операторы
1.	«E-KZT»	«Эксимбанк Казахстан» АҚ «AsiaCreditBank» АҚ «Хоум Кредит Банк» АҚ ЕБ	«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» РМК
2.	«Woorpay»	«Евразийский банк» АҚ, «Казкоммерцбанк» АҚ, «CapitalBankKazakhstan» АҚ «Хоум Кредит Банк» АҚ ЕБ «Альфа-Банк» ЕБ АҚ	«Woorpay» ЖШС
3.	«VisaQiwiWallet»	«AsiaCreditBank» АҚ	«QIWI Kazakhstan» ЖШС
4.	«Личная Касса»	«Цеснабанк» АҚ	«Личная Касса» ЖШС
5.	«Paypoint»	«Эксимбанк Казахстан» АҚ «Хоум Кредит Банк» АҚ ЕБ	«PayPoint» ЖШС
6.	«Dar»	«ForteBank» АҚ	«Darecosystem» ЖШС
7.	«Homepay»	«Хоум Кредит Банк» АҚ ЕБ	«Центр Интернет платежей» ЖШС
8.	«Халық»	«Народный Банк Казахстана»	«Народный Банк Казахстана» АҚ
9.	«AllPay»	«Банк Астаны» АҚ	«Allpay (Олпэй)» ЖШС
10.	«KaspiBank»	«KaspiBank» АҚ	«KaspiBank» АҚ
11.	«MultiB@nk»	«Эксим банк» АҚ	«Финансовые технологии» ЖШС
12.	«MyBonus»	«AsiaCreditBank» АҚ	«SmartPay» ЖШС
13.	«HomebankWallet»	«Казкоммерцбанк» АҚ	«Казкоммерцбанк» АҚ
14.	«TengriWallet»	«TengriBank» АҚ	«TengriBank» АҚ
15.	«WalletOne»	«AsiaCreditBank» АҚ	«W1 Kazakhstan» ЖШС
16.	«Altynpay»	«Эксим банк» АҚ	«AltynPay (АлтынПэй)» ЖШС
17.	«AlemPay»	«Хоум Кредит Банк» АҚ ЕБ	«ALEMPAY (АЛЕМПЭЙ)» ЖШС

2016 жылы электрондық ақша арқылы жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың пайдасына жүргізілген төлемдер 130,4 млрд. теңгені құрады (2015 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 3,4 есе өсті). 2016 жылдың 1 қаңтарында операцияларды жүзеге асыру мүмкін электрондық әмияндар саны 2 943 477 әмиянды құраса, 2017 жылдың 1 қаңтарында ол көрсеткіш 5 913 356 әмиянды құрады, яғни орташа алғанда әрбір қазақстандыққа 0,3 электронды әмиян келіп отыр. Сонымен қатар 2016 жылы 129,7 млрд. теңге көлемінде электрондық ақша шығарылды. 2017 жылдың 1 қаңтарында айналыстарға ақша соммасы 3,3 млрд. теңгені құрады.

Қазақстан Республикасының стратегиялық дамуында белгіленген цифрландыру мәселелері бойынша қаржы саласына инновациялық технологиялар мен цифрлы сервистерді ендіруге ерекше көңіл бөлінген. Осыған сәйкес соңғы 20 жылда клиенттермен өзара іс-қимылдың арналары мен тәсілдері түбегейлі кеңейгенін атап өту қажет. Интернет пен мобильдік құрылғылар бұл процесте негізгі факторлар болған. ҚР ҰБ-нің деректеріне сәйкес бүгінгі күні іс жүзінде барлық банктерде Интернет банкинг жүйесі енгізілген. Жұмыс істеп тұрған 33 банктің ішінде 18 банк мобильдік банкинг қызметтерін ұсынады, олар жеке тұлғалардың бүкіл клиенттік базасының 75%-ын қамтиды. Бүгінгі күні 1 млн. жуық жеке тұлғалар банктердің мобильдік қосымшаларын пайдалануда. Сондай-ақ заңды тұлғалардың барлық төлемдерінің 70%-ынан астамы және жеке тұлғалардың барлық төлемдерінің 50%-ы қашықтан арналары арқылы жүргізіледі. «Төлем карточкаларымен қолма-қол емес төлемдердің өсуі былтырғы жылдың 2017 бірінші жарты жылында ұқсас мерзіммен салыстырғанда 70%-ды құраған. Қорытындылай келе ол қазіргі уақытта электрондық ақшаның да танымалдығы артуда. 2017 жылғы 1-жартыжылдықта электрондық ақшамен операциялардың саны 2,7 есе, көлемі 3,4 есе өскен. Банктердің клиенттермен өзара қарым-қатынастары жаңа деңгейге шықты Қазақстан банктері клиенттерге онлайн режимде 24/7/365 форматында қызмет көрсетуге біртіндеп өтуі байқалады. Бірқатар банктерде биометриялық технологиялар – дауыс бойынша тану, фотосурет немесе бейнебейне негізінде келбетті сканирлеу қолданылуда. Қазақстандық банктердің клиенттері банк шоттарын, төлем карточкаларын, депозиттер ашу, кредит алу үшін банк бөлімшесіне келуі міндетті емес. Мұндай барлық қызметтер онлайн түрде көрсетіледі. Банктердің клиенттері әлеуметтік желілердің көмегімен төлемдер жүргізіп, өзге де қаржылық қызметтерді ала алады. «Смартфон клиенттің банкпен қарым-қатынас жасауының жаңа арнасы болуда. Ұлттық Банк Үкіметпен және банк қоғамдастығымен бірлесіп мобильдік қаржылық қызметтерді дамыту жұмысын жүргізуде. Мобильдік құрылғыны нақты уақытта пайдалана отырып, оның ішінде мобильдік телефон нөмірімен азаматтар арасында төлемдер жүргізуге мүмкіндік беретін мобильдік төлемдердің P2P деп аталатын жаңа буынын жасау мәселесі қарастырылуда. Мұндай шешім төлемдерді жылдам әрі қолайлы жүргізуге мүмкіндік береді,

төлемдерді қабылдауды ұйымдастыру үшін қымбатқа түсетін инфрақұрылымның болуы да қажет болмайды. Ұлттық Банк 2016 жылғы қарашада «ҚҰБ Online» мобильдік қосымшасын іске қосты, оның негізгі екі функциясы бар. Біріншіден, телефоны бар кез келген адам Ұлттық Банкке сұрақ қойып, жауапты 5 сағат ішінде өзінің телефоны арқылы ала алады. Екіншіден, қаржы саласындағы жаңалықтар мен маңызды оқиғалар шұғыл түрде жіберіліп отырады. ҚР Ұлттық Банкі ақпаратты және қаржылық инфрақұрылымды киберқатерден қорғау жөніндегі шараларға ерекше назар аударуды. Бұл туралы ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы ақпаратты және қаржылық инфрақұрылымды қорғау бойынша жұмыс тиімділігінің барлық мүдделі субъектінің, алдын алу шараларының және туындаған қатерге жеделден қоюдың өзара тығыз іс-әрекетіне қатысты болатынын атап өтті. «Қаржы жүйесін киберорнықтылығын қамтамасыз етудің басты элементтері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы реттеуші, киберқауіпсіздік жөніндегі үйлестіру орталығы, қаржы нарығының қатысушылары және кибершабуылдарға қарсы тұру практикасы бар шетелдік әріптестер болып табылады», – деді ол, қойылған мақсаттарды іске асыру тетігінің қаржы нарығындағы киберқауіпсіздік тұжырымдамасында салынғанын, оның «Қазақстан киберқалқаны» Қазақстан Республикасының киберқауіпсіздік стратегиясының құрамдас элементі болып табылатынын атап өтті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қаржы-экономика сөздігі. - Алматы: ҚР Білім және ғылым министрлігінің Экономика институты, "Зияткер" ЖШС, 2007. ISBN 978-601-215-003-2
2. www.nationalbank.kz, ҚР ҰБ-нің ресми мәліметтері

Даулетова Р.С.¹. магистр, ст. преподаватель

Конакова Г.М.¹. магистр, ст.преподаватель

¹Актюбинский университет имени С.Баишева

РАЗВИТИЕ ЭЛЕКТРОННЫХ ДЕНЕГ В КАЗАХСТАНЕ

Резюме

В развитых странах, широко распространено использование электронных денег, на сегодняшний день веяния этих денег дошли и до нас, электронные деньги. Электронные деньги – это аналог привычных всем денег, платежное средство, существующее исключительно в электронном виде, то есть в виде записей в специальных электронных системах.

Ключевые слова: деньги, электронные деньги, безналичный расчет, электронная торговля.

*Dauletova R.S.¹. master, senior teacher
Konakova G.M.¹. master, senior teacher
¹Aktobe University named after S.Baishev*

DEVELOPMENT OF ELECTRONIC MONEY IN KAZAKHSTAN

Summary

In developed countries, the use of electronic money is widespread, to date, the e-money has come to us as well. Electronic money is an analogue of the money that everyone is familiar with, a means of payment that exists exclusively in electronic form, that is, in the form of entries in special electronic systems.

Key words: *money, electronic money, cashless settlement, e-commerce.*

ӘӨЖ 336.763

*Есенгазина А.Ж.¹, магистрант
Бухарбаев Ш.М.¹. э.ғ.к., доцент
Конакбаева А.У.¹. аға оқытушы, магистр
¹С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті*

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Түйін

Құнды қағаздар нарығы – құнды қағаздардың шығарылымы, айналысы және өтуі бойынша нарыққа қатысушылар арасындағы экономикалық қарым-қатынастар жиынтығы болып табылады.

Кілт сөздер: *құнды қағаздар нарығы, қаржы нарығы, эмитент, KASE қор биржасы, инвестициялық пай қоры, мемлекеттік бағалы қағаздар, акция, облигация, «Репо» операциялары.*

Құнды қағаздар нарығы қаржы нарығының негізгі құрамдас бөлігіне жатқызылады. Құнды қағаздар нарығын дамыту елдің басыңқы бағыттарының бірі ретінде тануы қазіргі уақытта осы нарыққа деген ғалымдардың, экономистердің аса көңіл аударуына септігін тигізді.

Қаржы нарығының жаһандануы және әлемде бәсекелестік артықшылықта болу елдегі құнды қағаздар нарығына әсерін береді. Әлемдік қаржы нарықтарының дамуы, ең алдымен дамыған құнды қағаздар нарығымен сипат алады. Макро деңгеймен қатар, құнды қағаздар нарығы

микро деңгейде де үлесі зор. Ең алдымен, құнды қағаздар нарығында қаржылық ресурстар шоғырлануын атауға болады. Қаржылық ресурстар меншіктік, қарыздық және тартылған жіктелімі бар. Олардың арасындағы бәсекелестіктің болуы дамыған нарықтың бірден-бір факторы. Себебі, нарық субъектілері үшін қаржылық ресурстардың жедел, әрі арзан құралды қолдануы негізгі мақсаттарына айналды.

Қазақстан Республикасының қаржы нарығы негізінен банктік саладан тұрады. Банктік мекемелер өнімдері мен қызметтерінің жыл сайын дамуы құнды қағаздар нарығының бәсекелеске түсуіне кедергі келтіреді. Ал, қаржылық ресурстардың тек банктік салада шоғырлануы, нарықтың барлық қатысушыларына кері әсерін тигізеді. Еліміз егемендігін алғаннан бастап құнды қағаздар нарығы қалыптасты. Құнды қағаздар нарығының, соның ішінде қор нарығының қалыптасу уақыты аз емес. Осы аралықта ұлттық құнды қағаздар нарығының қалыптасу ерекшелігі, дамыған мемлекеттердің қолданған тәжірибесін енгізуімен сипат алады. Алайда, соған қарамастан ұлттық нарықтағы біршама қайшылықтардың салдарынан құнды қағаздар нарығының жете дамымауы көрініс алады. Осындай факторларды ескере отырып, құнды қағаздар нарығы, оның мәселелері жөніндегі зерттеулердің қажеттілігі, осы тақырыптың өзектілігін сипаттайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің кезекті жолдауында ұлттық құнды қағаздар нарығын дамыту бағыттары мен міндеттері айқындалды. Соған қарамастан, құнды қағаздар нарығының дамуын тежейтін факторлардың болуы тұтастай қаржы нарығының даму серпініне әсер ете алмайды.

Құнды қағаздар нарығы тұтастай механизмнен тұратындықтан, оның элементтері, қаржы саясатының және мемлекеттік қаржылық реттеудің жағдайларына көңіл аудару қажеттілігі туындады. Қаржылық жүйе, қаржылық механизм, мемлекеттік қаржылық реттеудің негіздері, қаржы бойынша мәселелер және оларды шешу жолдары бүгінгі күнге дейін өзекті мәселелердің бірі болып келеді.

Жалпы, құнды қағаздар нарығының қалыптасуы мен дамуы мемлекеттік реттеуді жүргізуіне байланысты. Құнды қағаздар нарығын реттеудің құралдарын, әдістерін және бағыттарын таңдау нарыққа ғана емес, мемлекеттің бүкіл экономикалық жүйесіне әсер етеді. Құнды қағаздар нарығын реттеу – бұл өкілетті қатысушылардың қызмет процесінде пайда болатын қарым-қатынастар жиынтығы болып табылады. Құнды қағаздар нарығын реттеу нарықтың барлық қатысушылары, ресурстары, қызметтері мен операциялары қамтылады.

Құнды қағаздар нарығын реттеуге барлық қатысушылардың іс-әрекетін және олардың арасындағы операцияларды тәртіпке келтіруге бағытталған қоғам өкілетінің қызметінің барлығы жатқызылады. Нарыққа қатысушылардың іс-әрекетін екі жақты – ішкі және сыртқы – реттеуге болады. Ішкі реттеу деген осы ұйымның, оның бөлімшелері мен қызметкерлерінің өз қызметінде ұйымның жарғысын, ережелерін және т.б. іс-

әрекетін айқындайтын ішкі нормативтік құжат талаптарын орындауы. Сыртқы реттеу деген осы ұйымның өз қызметінде мемлекеттің, басқа да ұйымдардың, халықаралық келісімдердің нормативтік актілерін орындауы.

Құнды қағаздар нарығын құқықтық қамтамасыз ету дегеніміз мемлекеттік органдардың құнды қағаздар айналысы тиімді және мағыналы болуы үшін белгілі-бір жағдай жасайтын заңдар шығару. Сол заңдардың мемлекет мүддесі мен халық керегін қанағаттандырып, нарықтық қатынастарға бет алған қоғамның объективті экономикалық талаптарына сай келуі. Қазіргі кезде Қазақстанның заңдарына мемлекетіміздің егемендік алғаннан бергі шыққан заңдар, Президенттің жарлықтары және үкіметтің қаулылары, сонымен қатар Құнды қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссияның құқықтық актілері жатады. Құнды қағаздар нарығын құқықтық ережелермен қамтамасыз ету мәселесіне ақшалы қарыз міндеттемелерінің айналысы және белгілі-бір ұйымдық-құқықтық түрде құрылған шаруашылық субъектілерін басқару мен олардың меншігіне қатынасу құқығы кіреді. Құнды қағаздар нарығындағы мүліктік құқық олар туралы шыққан заңдарда көрсетілген ерекше құжатпен расталады. Ол құжат құнды қағаздар деп аталады. Бірақ олардың кейбірі азаматтық-құқықтық қатынастармен расталғанымен құнды қағаздар нарығына айналысқа түспейді [1].

Жалпы, бүгінгі таңда Қазақстанның құнды қағаздар нарығын инфрақұрылымының қажетті деңгейін қамтамасыз ететін негізгі институттары KASE, «Құнды қағаздар орталық депозитарийі» АҚ, сондай-ақ брокерлерді және дилерлерді, тіркеушілер мен кастодиан банктерді қоса алғанда, нарықтың кәсіби қатысушылары болып табылады. Сонымен қатар, құнды қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті зейнетақы активтерін инвестициялық басқарушылар, инвестициялық портфельдерді басқарушылар және трансфер-агенттер жүзеге асырады.

2015 жыл ішінде 444 акциялар шығарылымдары тіркелді, акциялар шығарылымдары және оларды орналастыру жөніндегі нәтижелер туралы 667 есеп бекітілді, сондай-ақ 260 акциялар шығарылымдарының күші жойылды. Нәтижесінде 01.01.2016 жыл ішінде қолданыстағы акциялар шығарылымы бар АҚ жалпы саны 2 196 ұйымды құрады.

01.01.2016 жылғы жағдай бойынша барлық қолданыстағы облигациялар шығарылымдарының саны 5 216,3 млрд. теңге болып, жиынтық номиналдық құнымен 395 құрады, оның 30 шығарылымы KASE ресми тізімінің «рейтингтік бағасы бар борыштық құнды қағаздары» санатына, 177 шығарылым - «бірінші шағын санаттың рейтингтік бағасы жоқ борыштық құнды қағаздары» санатына, 30 шығарылым - «екінші шағын санаттың рейтингтік бағасы жоқ борыштық құнды қағаздары» және 78 шығарылымы - «буферлік санат» санатына енгізілді. Сонымен қатар, есептік жыл ішінде 1 563,4 млрд. теңге шығарылым көлемімен 7 облигациялық бағдарламалар тіркелді [2].

Осы құрылым айналыстағы корпоративтік облигациялардың үнемі өсуіне қарамастан, жалпы көлемнің жартысынан астамы қаржылық емес

ұйымдардың және өзге инвесторлардың портфелінде болатынын көрсетеді. Бұл ретте Қазақстан Республикасы аумағында шығарылған жалпы облигациялар көлемінен институтционалдық инвесторлардың үлес салмағы 10,8%-ды құрады.

Бұл ретте, 01.01.2016 жылғы жағдай бойынша 31 эмитент 63 облигациялар шығарылымдары бойынша дефолттарға жол бергенін атап өткен жөн. 01.01.2016 жылғы жағдай бойынша саны 182-ге жеткен қолданыстағы пайлар шығарылымының азаю үрдісі байқалады. Бұл ретте, 2015 жыл ішінде 32 пай шығарылымдары тіркелді және шығару мен орналастыру қорытындысы жөнінде 195 есеп бекітілді.

01.01.2016 жылғы жағдай бойынша құнды қағаздар рыногында 182 ИПҚ жұмыс істеді, оның ішінде 143 - жабық (активтері - 295,6 млрд. теңге), 16 - ашық (активтері - 0,8 млрд. теңге) және 23 - аралық (активтері - 2,1 млрд. теңге), сондай-ақ 41 тәуекелді инвестициялау акционерлік инвестициялық қоры (активтері - 62,4 млрд. теңге).

2015 жылы ИПҚ (Инвестициялық пай қоры) активтерінің 93,4%-ға өсуі байқалды, бұл жерде акционерлік инвестициялық қорлар активтері 62,3%-ға азайды. ИПҚ-ның жиынтық активтері 01.01.2016 жылғы жағдай бойынша 298,5 млрд. теңгені және осыған сәйкес 62,4 млрд. теңгені құрады. Жабық инвестициялық қорлар бұрынғыдай ИПҚ-ның жиынтық активтердегі ең көп үлесін - 99,0%-ды иеленді, қалған 1,0% ашық және аралық инвестициялық қорлардың үлесіне келеді.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы қор нарығының жай-күйінің негізгі индикаторы болып KASE қор биржасы ұсынған ұйымдасқан рыногы болып табылады [3]. Жалпы, KASE-дегі айналысқа жіберілген құнды қағаздардың негізгі үлес салмағының 57,0%-ы (315 шығарылым) борыштық құнды қағаздарға келеді. МБҚ секторы бойынша -24,8% (137 шығарылым), акциялар секторы бойынша - 17,7% (98 шығарылым) инвестициялық қордың құнды қағаздар мен МБҚ секторлары бойынша - 0,3% (2 шығарылым) және тиісінше 0,2% (1 шығарылым) болып келді.

01.01.2016 жылғы жағдай бойынша KASE ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес құнды қағаздар рыногының жалпы капиталдандыру 2015 жылғы облигациялар бойынша 2 есеге (01.01.2015 жылғы 1 520,8 млрд. теңгеден 01.01.2016 жылғы 3 141,7 млрд. теңгеге дейін), акциялар бойынша - 2,3 есеге (01.01.2015 жылғы 3 756,2 млрд. теңгеден 01.01.2016 жылғы 8 506,2 млрд. теңгеге дейін) өсіп, 11 650,9 млрд. теңгені құрады.

KASE-нің ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес құнды қағаздар рыногының жалпы капиталдандыру 01.01.2016 жылғы жағдай бойынша 2015 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 2,2 есеге өсті. Қор рыногының абсолюттік мәніндегі капиталдандырудың өсуі ЖІӨ-нің аталған көрсеткіштің өсуіне әсер етті. 2015 жыл ішінде мемлекеттік емес құнды қағаздармен жасалған мәмілелер көлемі 34,2%-ға азайды. Бұл ретте, мәмілелер көлемі акциялар бойынша 53,0%-ға, борыштық құнды қағаздар бойынша 6,3%-ға елеулі азайды. «Репо» операциялары бойынша мәмілелер көлемі 44,2%-ға

кеміді. Құнды қағаздар нарығында қаражатты инвестициялауды институционалдық және жеке инвесторлар жүзеге асырады. Отандық нарықтың негізгі институционалды инвесторларына зейнетақы жарналарын шоғырландыратын және оларды елдің қаржы құралдарына және шетелге орналастыратын жинақтаушы зейнетақы қорлары, сондай-ақ ЕДБ, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, бекітілген пруденциалдық реттеу талаптарына байланысты қаражат бөлігін өтімді активтерге орналастыратын құнды қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары жатады [3].

Сонымен, қорытындылай келе жүргізілген зерттеулер нәтижесінде келесідей негізгі тұжырымдар мен ұсыныстарды жасауға мүмкіндік береді:

1. Қазіргі уақытта құнды қағаздар нарығының түсініктерін нақтылау қажеттілігі туды. Оларға себеп ретінде мемлекеттің даму қарқынын анықтауда, қаржылық стратегия мен тактиканы белгілеуде бірқатар көрсеткіштердің даму серпініне тәуелділігін қарастыру болып табылады. Осы көрсеткіштердің бірі – құнды қағаздар нарығы болып табылады. Сондай-ақ, республикамыздың құнды қағаздар нарығы мәнінің ғылым бекіткен жіктелімге сай еместігін көрсетеді.

2. Құнды қағаздар нарығын талдау нәтижесінде келесідей қорытынды жасауға болады. Қор нарығының құралдарының ішінен акциялар шығарылымы жоғары. Бірақ, акциялардың айналысы төмен. Екінші орында облигация шығарылымын жатқызуға болады, бірақ эмитенттері ретінде негізінен екінші деңгейлі банктер болып табылады. Үшінші орында – пайлар. Акция мен облигацияға қарағанда тәуекелділігі төмен болса да, оларға деген сұраныс төмен.

3. Республикада бірқатар кәсіби қызмет түрлері қабылданған. Әйтсе де, кәсіби қатысушылар саны жағынан талдау жүргізу нәтижесінде, кейбір қатысушылар санының даму серпіні байқалмайды. Бұл осы кәсіби қызмет түріне деген қызығушылықтың және олардың қызметіне деген сұраныстың төмен болуынан деп есептеуге болады.

4. ҚР-да құнды қағаздар нарығын мемлекеттік реттеуді негізінен төрт кезеңге жіктейміз. Бұл жіктеу құнды қағаздар нарығында мемлекеттік реттеуді жүргізетін және қадағалайтын органдарға байланысты. Құнды қағаздар нарығында мемлекеттік реттеуді жүргізу кезінде келесідей қағидаларға сүйенуі ұсынылады.

- заңнаманы шығару мен оған толықтыру жүргізу кезінде құқықтық негіздің басыңқы дәрежесіне сүйенуі;

- заңнаманы шығару мен оған толықтыру жүргізу кезінде құқықтық негіздің бір-біріне үйлестіруі және бірігей бағыттарды ұстануы;

- құнды қағаздар нарығындағы стратегия мен тактиканы анықтау кезінде нақты қажеттіліктерді және мүмкіндіктерді ескеруі;

- құнды қағаздар нарығының қатысушылар тізімін бекітуде, тек техникалық талаптарды ғана емес, сондай-ақ тиімділік факторын ескеруі.

5. Эмитенттер құнды қағаздарды шығару кезінде белгілі бір артықшылықтардың және кемшіліктердің болуын қарастырады. Алайда,

келтірілген талдау нәтижесінде эмитенттердің бәсеңділігін көруге болады. Осыған байланысты эмитенттерді ынталандыру факторларын анықтауға қажеттілігі бар. Оларға: рейтингтік шығындарды азайту, листингтік шығындарды азайту және өзара міндетті қатысушылар байланысының шығындарын қысқарту.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңы, 2003 жыл (01.01.2017 жылғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).
2. Қазақстан Республикасының «Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы» Заңы, 2003 жыл (01.01.2017 жылғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).
3. Қазақстан Республикасының «Инвестициялар туралы» Заңы, 2003 жыл (01.01.2017 жылғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).

Есенгазина А.Ж¹., магистрант

Бухарбаев Ш.М¹. к.э.н., доцент

Конакбаева А.У¹. ст. преподаватель, магистр

¹Актюбинский университет имени С.Башиева

НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ РЫНКА ЦЕННЫХ БУМАГ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

Рынок ценных бумаг представляет собой совокупность экономических отношений между участниками рынка связанные с выпуском ценных бумаг, их обращения и реализации.

Ключевые слова: рынок ценных бумаг, финансовый рынок, эмитент, фондовая биржа KASE, инвестиционный паевый фонд, государственные ценные бумаги, акция, облигация, операции «Репо».

Esengazina A.G¹. master student

Buharbaeyev Sh.M¹. cand. of econ. sc., associate professor

Konakbaeva A.U¹. senior teacher, master

¹Aktove University named after Baishev

DIRECTIONS OF MARKET OF SECURITIES DEVELOPMENT ARE IN KAZAKHSTAN

Summary

A market of equities is totality of economic relations between the participants of market related to producing of securities, their appeal and realization.

Key words: *market of equities, financial market , issuer, exchange stock of KASE, state securities , action , bond, operations of "Repo".*

ӘӨЖ 336.22

*Жайықова Қ.А.¹. магистрант
Бухарбаев Ш.М.¹. э.ғ.к., доцент*

¹С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА САЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ РЕФОРМАЛАНУ КЕЗЕҢДЕРІ

Түйін

Қазақстанның салық жүйесі - салық санау рәсімдерін реттейтін заңнамалық актілер мен заңнан туындайтын нормативтік актілердің жиынтығы, сондай-ақ елдегі салықтар мен алымдарды есептеу мен төлеудің институттық инфрақұрылымы.

Кілт сөздер: *салық, салық жүйесі, салық кодексі, төлемақы, алым, мемлекеттік баж, бюджет.*

Мемлекеттегі салық түрлерінің, олардың құрылу нысандары мен әдістерінің және салық қызметі органдарының жиынтығы мемлекеттің салық жүйесін құрайды. Салық түрлері мен жеңілдіктері көп болғандықтан, салық жүйесі біршама күрделі болып келеді. Салық жүйесі елдегі экономикалық дамудың маңызды мәселелерін, экономика құрылымын, жеке аймақтардың даму деңгейін реттеуді шешуге қажетті мемлекеттік қаржы ресурстарының концентрациясын қамтамасыз етуі керек. Осыған орай, салық жүйесі мемлекетке төленетін салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдердің, сондай-ақ оларды бекіту, өзгерту және жою қағидалары, нысандары мен әдістерінің, төлетуді есептеу тәсілдерінің; салықтық бақылау нысандары мен әдістерінің және салық заңын бұзудағы жауапкершілік жиынтығы ретінде анықталады.

Салық жүйесі мемлекеттің салық қызметінің құрылуымен бірге пайда болады және мемлекеттің өмір сүріп, дамуының негізі болып табылады. Мемлекет құрылымының өзгеруі, өркендеуі қашанда болса оның салық жүйесінің қайта құрылуымен, жаңаруымен бірге қалыптасады. Мәселен, КСРО ыдырап, бөлінгеннен кейін басқа да мемлекеттер тәрізді Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялап, жоспарлы экономикадан жаңаша

бағыт – нарықтық экономикаға көшті. Осы ретте, еліміздің өндірістік және қызмет көрсету сферасында, қаржы-несие жүйесінде және т.б. салаларда айтулы өзгерістер болды.

Қазіргі кездегі Қазақстанның салық жүйесі КСРО құрамына кірген басқа да одақтас республикалардағы сияқты XX ғасырда жалпыәлемдік даму процесіне қарсы бағытта дамыды. Мемлекет салықтан ел бюджеті арқылы кәсіпорын пайдасын алудың және қаржы ресурстарын қайта бөлудің әкімшілік әдістеріне көшті. Қаражатты толық орталықтандыру және кәсіпорынның қаржы мәселелерін өздігінен шеше алмауы шаруашылық жетекшілері ықыласының жойылуына және 80-90 жж. өріс алған қаржы дағдарысына әкеліп соқты.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі жаңа салық жүйесінің қалыптасуы әлеуметтік және психологиялық қолайсыз жағдайларда өтті. Жалпы, салық жүйесі өз алдына сала болып қалыптасуы үшін, біршама қиындықтарды бастан кешіре отырып, көптеген өзгерістер мен толықтырулар жасалынып, қазіргі кезде тұрақты жүйеге түсті. Қазақстан Республикасының салық жүйесі реформалаудың үш кезеңінен өтті. Реформалаудың алғашқы екі кезеңінде қабылданған құқықтық іс-шаралар еліміздің салық жүйесінде бұрын-соңды болмаған экономикалық өрлеудің бастапқы қадамдарының негізгісі болды.

Қазақстан Республикасындағы салық реформасының I кезеңі. Қазақстанда 1991 жылға дейін, яғни КСРО ыдырағанға дейін елде көбінесе экономиканы басқарудың әкімшіл-әміршіл жүйесіне, бағаларға қатаң мемлекеттік реттеуге сәйкес келетін салық жүйесі қызмет етті. Бюджеттің басты кіріс көздерінің бірі болған айналым салығы тіркелген бөлшек сауда мен көтерме сатып алу бағаларын қолдануға және мемлекеттік реттеп отыруға бағытталған болатын. Қазақстан егемендікке ие болғаннан кейін 1991-1995 жылдары қабылдаған бірқатар заңдарға сәйкес республикада жаңа салық жүйесі қалыптасты.

1991 жылғы 9 шілдедегі Қазақ КСР Президентінің «ҚазКСР мемлекеттік салық қызметін құру туралы» Жарлығымен ҚазКСР-нің басты мемлекеттік салық инспекциясы құрылды. Қазақстанның салық жүйесін құруда қалыптасқан өзіндік тәжірибесі болмағандықтан негізінен көрші елдердің, бәрінен бұрын Ресей Федерациясының тәжірибесі пайдаланылды. Сондықтан да Қазақстанда федеративті мемлекетке тән үш звенолы салық жүйесі құрылды. Оның құрамына салықтардың үш тобы енді [1].

- 1) жалпы мемлекеттік;
- 2) жалпыға міндетті жергілікті салықтар және алымдар;
- 3) жергілікті салықтар және алымдар.

1991 жылғы желтоқсанның 25-інен бастап біздің елімізде тұңғыш салық жүйесі жұмыс істей бастады. Ол «Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы» заңға негізделді, бірақ та бұл заң Ресей заңының көшірмесі болған еді. Сонда да болса, бұл заң салық жүйесін құрудың қағидаттарын, салықтар мен алымдардың түрлерін, олардың бюджетке түсу

тәртібін белгілеген алғашқы құжат еді. Осы заңға сәйкес Қазақстанда 1992 жылғы қаңтардың 1-інен 1995 жылғы мамырға дейін салықтар мен алымдардың 43 түрі жұмыс істеді.

Осындай салықтар мен алымдар түрлерінің көп болуы (43 түрі: 16 жалпы мемлекеттік, 10 жалпыға міндетті салықтар мен алымдар, 17 жергілікті салықтар мен алымдар), заңның тұрақсыздығы, есеп базары өзіндік құн болып табылатын төлемнің көптігі, жеңілдіктердің көп мөлшерде пайдаланылуы салық жүйесінің тиімсіздігіне әкеліп соқты. Қазақстандағы салық жүйесін жетілдіру жұмысы 1992 жылдан бері басталды.

Қазақстан Республикасындағы салық жүйесінің даму тарихында 1994 жыл ерекше орын алады. Дәл осы жылы салық жүйесін реформалау жолында алғашқы қадам жасалды. Екі ірі салық: жеке тұлғалардан алынатын табыс шығына және кәсіпорын пайдасының салығына өзгерістер енді. Қазақстан Республикасы Президентінің заңдық күші бар «Жеке тұлғалар табысына салық салу туралы» және «Заңды тұлғалар пайдасы мен кірісі салығы туралы» Жарлықтары қабылданды. Көрсетілген заң шығару актілерінің қабылдануымен екі негізгі салықты есептеу механизмінде радикалдық өзгерістер қалыптасты.

Жеке тұлғалар табысына салық салуда, бұрынғы КСРО республикаларында ұзақ уақыт бойы қолданылған шедулярлық салық салудан жылдың жиынтық табысты анықтау негізінде алғаш рет аумақтық салық салуға көшу жүзеге асырылды. Заңды тұлғалар бөлігінің келесі аспектілерінде өзгерістер болды: пайда салығы мөлшерлемесінің дифференциациясы жойылып, 30 % - барлық заңды тұлғалар үшін және 45 % - банктер мен сақтандыру ұйымдары үшін екі мөлшерлеме бекітілді. Алғаш рет салық төлеушілер құрамына кәсіпкерлік қызметтен алынған табыс бөлігіндегі бюджеттік ұйымдар кірді, жеңілдіктер ретке келтірілді (бұрынғылардың орнына 6 жеңілдік бекітілді) және т.б. 1994 жылы Қазақстан Республикасындағы салық жүйесінде болған өзгерістерді талдау олардың фискалды сипатының нәтижесін ашуға мүмкіндік туғызады. Сонда да, іскерлік шаралар қолданылғанмен, ЖІӨ-дегі (жалпы ішкі өнім) салық түсімдерінің үлес салмағы 1993 жылғы 14,8 %-дан 1994 жылы 8,4 %-ға төмендеді.

Салық мөлшерлемелері жоғары бола тұра, салық салу базасының қысқаруы мен кәсіпорын бөлігінің жасырын бизнеске кетуі нәтижесінде, олардан түскен түсімнің төмендеуінен қатаң салық саясаты «салық қақпанына» әкеп соқты.

Осыдан келіп, салық реформасының негізгі идеялары ретінде Қазақстан Республикасында келесі кезеңдер өсе бастады:

1. Нарықтық қатынастарды ынталандыру, дәлірек айтқанда:
 - кәсіпкерлікті белсенді қолдау;
 - жеке салық төлеушілердің алған табысын кәсіпкерлік қызметке салуға ынталандыру;
 - салық салуға кең заң шығару базасын белгілеу;

- табысқа екі рет, үш рет салық салудан сақтау механизмін құру.

2. Салық салуда белгілі әділеттілікке қол жеткізу, дәлірек айтқанда:

1. тұрмысы төмен отбасыларды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету;
2. табыс көзінен тыс салық салудың біртұтас шкаласын құру;
3. мемлекеттің ұлттық және аумақтық мүддесін есептеу;
4. салық салу жүйесін құрудың әлемдік тәжірибесін шығармашылық пайдалануға ұмтылу.

Осы мақсаттарға сай Қазақстан Республикасының жалпы салық жүйесін өзгерту және оны әлемдік стандарттарға жақындату туралы әрекет жасалды.

Қазақстан Республикасындағы салық реформасының II кезеңі. Қазақстан Республикасының Үкіметі 1995 жылдың басында салық реформасының ұзақ мерзімді тұжырымдамасын қабылдап, онда еліміздің салық жүйесімен салық заңнамасын бірте-бірте халықаралық салық салу қағидаттарына сәйкестендіру арқылы салық ауыртпалығын төмендетіп, салықтар санын қысқарту көзделді. Осыған байланысты «Салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы» 1995 жылғы сәуірдің 24-інде Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлығы шықты. Осы заңдылық актісі қолданысқа 1995 жылдың 1 шілдесінен бастап енгізілді. Оны әзірлеуге халықаралық ұйымдардың өкілдері мен сарапшылары қатысты: Халықаралық валюта қорынан, Халықаралық салық бағдарламасының, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымынан, Гуверов Институтынан, Стэнфорд Университетінен, АҚШ-тың Гарвард Университетінен. Қазақстанның жаңа салық заңына сәйкес бұрынғы 43 салықтар мен алымдар едәуір қысқартылып, олардың небәрі 11 түрі қолданылатын болды.

1999 жылдың 1 қаңтарынан бастап жалпы мемлекеттік салықтар мен алымдардың құрамына жол салығы, әлеуметтік салық, әлеуметтік қамтамасыз ету алымы және автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына кіргені үшін алынатын алым қосылды. Бұрын бұл төлемдер бюджеттен тыс қорлардың көзі болды; кейін жол салығы және әлеуметтік қамтамасыз ету алымы күшін жойды. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі заңына сәйкес Қазақстан Президентінің заң күші бар «Бюджетке төленетін салықтар және өзге де міндетті төлемдер туралы» Жарлығы заң мәртебесіне ие болды. Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі осы құжатқа сәйкес өзінің құрамына мынандай салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді енгізді.

Қазақстан Республикасындағы салық реформасының III кезеңі. Республикадағы салық реформасының үшінші кезеңінің негізгі міндеті бюджетке, қазыналық органдарға және салық төлеушілерге қатысы бар мемлекеттік органдардың арасындағы қарым-қатынастардың құқықтық аспектілерін нығайту болып табылды. Жалпы алғанда, 1995 жылы құрылған салық құрылымын қайтадан жетілдіріп, оңтайландыру керек болды. Осыдан келіп салық заңдылығын реформалау қажеттігі туады. 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап, 2001 жылғы 12 маусымда қабылданған «Бюджетке

төленетін салықтар және өзге де міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Салық Кодексі қолданысқа енгізілді [2].

Жаңа Салық кодексінің құрылымы үлкен үш бөліктен тұрады: 1) жалпы; 2) айрықша; 3) салық әкімшілігі.

Жалпы бөлім – салық заңының «конституциясы» істепті. Онда салық заңдылығын құру принциптері анық анықталған. Кез-келген өзгерістің бюджетті қабылдаған кезде ғана заңдылыққа енгізілуіне мүмкіндік беретін. Календарлық жылдың басында қолданысқа енуін қадағалайтын қатаң принциптер кіргізілген. Алайда, бұл ағымдағы өзгерісті және нарық жағдайын реттеуші кеден бажының акциздеріне, ставкаларына қатысты емес. Аталған принципті ережелер жалпы бөлімдегі салық заңының негізгі болып, келесі жылдары олар елеулі өзгеріске ұшырауға тиіс. Айрықша бөлім туралы айтсақ, мемлекет тұрақтылықтың, әдістеме және салық салу базасы бөліміндегі салық заңдылығының сабақтастығын жақтайтынын атап кеткен жөн. Салық әкімшілігі бөлімінде процессуалдық мәселелер анықталады.

Қазақстан Республикасының салық заңдары Салық кодексінен, сондай-ақ қабылдануы Салық кодексінде көзделген нормативтік-құқықтық актілерден тұрады. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі Салық кодексінде көзделмеген міндет ешкімге жүктелуге тиіс емес. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер – Салық кодексінде белгіленген тәртіпте және жағдайларда белгіленеді, енгізіледі, өзгертіледі немесе күшін жояды. Салық кодексі мен Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінің арасында қайшылықтар болған кезде, салық салу мақсатында Салық кодексінің нормалары қолданылады. Салық кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, салық қатынастарын реттейтін нормаларды салықтық емес заңдарға енгізуге тыйым салынады. Салық заңдары Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданыста болады, сонымен бірге жеке тұлғалар және заңды тұлғалар мен олардың құрылымдық бөлімшелері қолданады. Жаңа Салық кодексі 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

Салық заңнамасы дамуының жаңа кезеңі 2009 жылдың 1 қаңтарынан басталды. Осы орайда 2008 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған «Салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының № 99-IV Кодексінде салықтың 13 түрі белгіленіп, соның ішінде 2 жаңа салық түрі қолданысқа енгізілді. Атап айтсақ, бұл тіркелген салық және бірінғай жер салығы, сонымен қатар Салық кодексінде ойын бизнесіне салынатын салық салықтың жеке түрі ретінде айқындалды. Салық заңнамасындағы негізгі өзгерістер қатарына келесілерді жатқызсақ болады: біріншіден, кәсіпорындардағы салық есебінің және салық есеп саясатын ұйымдастыру қажеттілігі мен оған қойылатын талаптар анықталды; екіншіден, әлеуметтік салықтың бекітілген ставкасы 11 % деңгейінде қабылданды; үшіншіден, қосылған құн салығының ставкасы 12 % деңгейіне төмендетілді; төртіншіден, жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша салық есептілігінің Декларацияларының формалары біріктірілді.

Жаңа Салық кодексіне сәйкес бюджетке төленуге тиісті 13 салық, 5 алым, 10 төлемақы түрлері бар, сонымен қатар арнайы заң құжаттары қарастырған мемлекеттік баж алымдары да бар [3].

Жаңа Салық кодексінде салықты және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдерді белгілеу, енгізу және есептеу мен төлеу тәртібі жөніндегі биліктік қатынастар, сонымен бірге мемлекет пен салық төлеушінің арасындағы салықтық міндеттемелерді атқаруға байланысты қатынастар реттелінген. Сонымен бірге Кодексте кен өндіруші сектордың қайтарымын арттыру есебінен экономикалық шикізаттық емес секторларына салық ауыртпалығы төмендетілген, жеңілдіктер жүйесі онтайландырылған, салықтық әкімшілік ету оңайлатылған, кодекс нормаларын қолдану экономиканы жаңғыртуға және саралауға, елдегі инвестициялық климатты жақсартуға, отандық, сондай-ақ шетелдік өндірушілер үшін де бизнес жүргізуді неғұрлым пайдалы етуге шақырады.

Бүгінгі күні еліміздің салық салу сферасын мемлекеттік салық органдары басқарып, бақылайды. Салық қызметі органдарына салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық түсуі жөніндегі, міндетті, зейнетақы жарналарының толық және дер кезінде аударылуын қамтамасыз ету жөніндегі, сондай-ақ салық төлеушілердің салық міндеттемелерін орындауына салық бақылауын жүзеге асыру жөніндегі міндеттер жүктеледі. Салық органдарына облыстар бойынша салық комитеттері, Астана және Алматы қалалары бойынша салық комитеттері, ауданаралық салық комитеттері, қалалар бойынша салық комитеттері, қаладағы аудандар бойынша салық комитеттері жатады. Салық органдары жоғары дәрежелі салық қызметі органы төменнен жоғары қарай тікелей бағынады. Салық органдарының жұмысына жалпы басшылықты Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүзеге асырады.

Қорыта айтқанда, экономиканың басқа салалары сияқты салық жүйесі де нарық қатынастарына сәйкес қызмет етуі үшін, біршама қиындықтарды өткізе отырып, көптеген өзгерістер мен толықтырулар жасалыну арқылы қазіргі кезде тұрақты жүйеге түсті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Салық кодексі № 209-III. 2001 жыл 12 маусым.
2. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100-IV ҚР Заңы.
3. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Салық кодексі (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген). 1 қаңтар 2017 жыл.

*Жайыкова К.А.¹, магистрант
Бухарбаев Ш.М.¹. к.э.н., доцент
¹Актюбинский университет имени С.Баишева*

СТАНОВЛЕНИЕ И ПЕРИОДЫ РЕФОРМИРОВАНИЯ НАЛОГОВОЙ СИСТЕМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация

Налоговая система Казахстана — совокупность законодательных актов и нормативных актов, регулирующие оформление исчисления налогов, а также институциональная структура начисления и оплаты налогов и сборов страны.

Ключевые слова: *налоги, налоговая система, налоговый кодекс, платежи, сборы, государственная пошлина, бюджет.*

*Zhaiykova K.A.¹. master student
Buharbaeyev Sh.M.¹. cand.of econ.sc., associate professor
¹Aktobe University named after Baishev*

BECOMING AND PERIODS OF REFORMATION OF TAX SYSTEM REPUBLICS OF KAZAKHSTAN

Summary

The tax system of Kazakhstan is totality of legislative acts and normative acts, regulative registration calculations of taxes, and also institutional structure of extra charge and payment of taxes and collections of country.

Keywords: *taxes, tax system , internal revenue code , payments , collections, state duty, budget.*

УДК 343

*Zhumagazieva R. Sh.¹. Ph.D., Associate Professor
¹Aktobe University named after Baishev
Tleugabylov Zh. K.². Master of Laws,
²Master student of the Beijing State University*

SOME ASPECTS OF THE USE OF THE DEATH PENALTY IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND IN FOREIGN COUNTRIES

Summary

The author on the basis of a comparative analysis of certain aspects of the application of the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan and foreign countries suggests ways to improve the current criminal legislation.

Key words: *Criminal Code, death penalty, moratorium, life imprisonment.*

In the Concept of legal policy of the Republic of Kazakhstan is noted that «the realization of criminal policy of the Republic of Kazakhstan has to develop in compliance with the specified principles and include in itself acceptance of a complex of the legislative measures directed to continuation of a course, to gradual narrowing of the sphere of the use of a death penalty, and also consideration of a possibility of the announcement of the moratorium on the death penalty» [1].

It is not about cancellation of the death penalty, but about narrowing of the sphere of its use. In connection with this process preference will be given to more frequent use of life imprisonment. In comparison with the death penalty, at life imprisonment are created conditions for realization not only the purposes of the general and private prevention, but also a correction of the convict.

So, on November 2, 2016 Ruslan Kulekbayev, who arranged terrorist attack in Almaty was sentenced by the court to the death penalty, the moratorium on which in Kazakhstan is imposed in 2003. Earlier General prosecutor's office of the RK reported that there are no legal obstacles for such adjudgment. Thus it can be brought to execution only in a case of cancellation of the moratorium.

In December, 2003 the President of RK declared a termless moratorium on execution of sentence of the death penalty. It is replaced with life imprisonment or a deprivation of freedom for a certain term with serving a sentence in a corrective colony of special type (the organ of extreme safety). Introduction of the termless moratorium was carried out within the confines of country's aspiration to a humanization of criminal legislation and coordination to the international standards.

The death penalty in the Criminal code of the Republic of Kazakhstan is provided in 17 structures of crime and officially is recognized as «an exclusive measure of punishment» for the terrorist crimes interfaced to death of people, an also for especially heavy crimes committed in military time [2].

536 sentences were executed before an introduction of the prohibition on the death penalty in Kazakhstan. 5 people were sentenced to death after the introduction of the moratorium on the death penalty in Kazakhstan. The last sentence to the death penalty was given to execution in the relation of 12 people before the announcement of the moratorium in 2003. A life imprisonment is entered in Kazakhstan since January 1, 2004, as an alternative for the death penalty. Now in Kazakhstan about 100 people are serving life imprisonment.

The only place for serving life imprisonment is the sadly known prison named "Black Golden Eagle" in the Kostanay region nearby from the village of Zhitikara. Shooting, hanging, beating by stones, an injection, an electric chair,

beheading, a gas camera — here the list of the types of the death penalty practiced in our time.

The death penalty in Kazakhstan was carried out by means of shooting since it is a more humane way. The sentence of the death penalty is given to execution not earlier, than after the expiration of one year since the moment of its taking effect. The death penalty is not applied to women, minors and elderly people (elder than 63 years). In 2014 there were opinions that Kazakhstan needs to completely declare off the death penalty.

In the process of discussion of new edition of the Criminal Code, which came into force since 2016, The deputy of general prosecutor of Kazakhstan Iogan Merkel categorically expressed his own position: «What concerns full cancellation of the death penalty, we as developers will never agree to that, of course». After events in Aktobe talks on cancellation of the moratorium on execution of sentence of the death penalty for terrorism were renewed again.

